Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Министерство просвещения Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ ВНУТРИШКОЛЬНОГО КОНТРОЛЯ

Астана – 2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы 15 қарашадағы № 12 хаттама).

Рекомендовано к изданию Научно-методическим советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 12 от 15 ноября 2022 года)

Мектепішілік бақылауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 160 б.

Методические рекомендации по организации внутришкольного контроля – город Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2022. – 160 стр.

Әдістемелік ұсынымда еліміздің білім беру ұйымдарының әкімшілігіне, әдіскерлері мен педагогтеріне мектепішілік бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылады. Берілген құрал білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымына мектепішілік бақылауды ұйымдастыру үшін практикалық көмек көрсетуі тиіс. Әдістемелік ұсынымдар мектептердің әкімшілігіне, еліміздің педагогтеріне, сондай-ақ білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

В методических рекомендациях для руководителей организаций образования, методистов, педагогов страны предлагаются рекомендации по организации внутришкольного контроля. Рекомендации окажут практическую помощь администрации и педагогическому коллективу школы для организации внутришкольного контроля. Методические рекомендации предназначены для администрации школ, педагогам страны, а также специалистам отделов управлений образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022
©Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2022

Белгілер мен қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы

НҚА - нормативті құқықтық актілері

МІБ – мектепішілік бақылау

ПК – педагогикалық кеңес

ДЖК – директор жанындағы кеңес

ӘК – әдістемелік кеңес

ӘО – әкімшілік отырыс

АКО – аттестаттау комиссиясының отырысы

ДҒӘЖЖО – директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары

ДОТІЖО - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

ДТЖЖО - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің дамуы оны басқарудың тиімділігімен анықталады. Білім беру ұйымдары басшыларының алдындағы негізгі міндет ішкі басқару жүйесін түсіну мен оны нәтижелік тұрғысынан басқарудан тұрады. Мектепішілік басқару жүйесінің түпкі нәтижеге бағытталуы оны ақпараттық қамтамасыз етуге, педагогикалық талдауға, жоспарлау мен бақылауға жаңаша көзқарасты қажет етеді.

Қазіргі қоғам талабының бірі - мектептердің педагогикалық үрдісін менеджмент негізінде басқару. Менеджменттің негізгі функциясы ретінде мектепішілік бақылау басқару объектісінің жағдайы мен қызметі туралы ақпаратты қалыптастыруға, оқу-тәрбие процестері мен нәтижелері бойынша ақпаратты зерттеуге (талдау), мектепті дамыту және қойылған мақсаттарға жету процестерін диагностикалау және бағалау бойынша жұмыстарға, стратегиялардың тиімділігіне, басқару құралдары мен әдістерін пайдаланудың нәтижесіне мен қателіктерді түзетуге байланысты басқару қызметінің түрлерін біріктіретін құрал болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында мектепішілік бақылау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Мектепішілік бақылауды білім беру ұйымының әкімшілігі және білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен тағайындалған уәкілетті адамдар жүзеге асырады. Мектепішілік бақылаудың негізін әкімшілік пен педагогикалық ұжымның педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру және ынталандыру мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсетуге бағдарланған демократиялық негіздегі өзара іс-әрекеті құрайды.

Мектепішілік бақылаудың нәтижелері талдаушылық анықтама, мектепішілік бақылаудың нәтижелері туралы анықтамалар, тексерілген мәселе бойынша істердің жәй-күйі туралы баяндама түрінде ресімделеді. Қорытынды материалда фактілер тіркеледі, қорытындылар жасалады, қажет болған кезде ұсыныстар жасалады.

Мектеп әкімшілігі мектепішілік бақылауды тиімді ұйымдастыру үшін бақылаудың түрлері мен формалары, әдістері және бағалау шараларын жүргізудің әдіснамалық негіздерімен таныс болуы қажет. Білім беру ұйымын басқару саласындағы теориялық және әдіснамалық білімдер мектеп дамуының және табыстылығының мызғымас іргетасы болып табылады.

Осы ұсынымдарды әзірлеу барысында деректер жинау негізінде білім беру ұйымдарында мектепішілік бақылауды жоспарлау және өткізу бойынша ағымдағы жағдайға талдау жүргізілді, осы бағыттағы негізгі проблемалар тізбесі жүйеленді, оларды шешу жолдары ұсынылды.

Берілген әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарындағы мектепішілік бақылауды жүйелі ұйымдастыру мақсатында мектеп директорлары мен орынбасарларына, еліміздің педагогтеріне, білім басқармалары мен әдістемелік кабинеттердің мамандарына ұсынылады.

I. МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Білім берудегі жаһандану және интеграция жағдайында білім беру жүйесін басқару проблемасы білім берудің сапалы деңгейіне қойылатын қазіргі заманғы талаптарға сай білім беруді басқарудың неғұрлым тиімді жүйелерін айқындауды талап етеді. Мектеп барлық білім беру жүйесінің көрінісі және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудағы маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Білім беруді басқару жүйесіндегі күрделі және көп еңбекті талап ететін функциялардың бірі мектепішілік бақылау болып табылады. Бақылаудың күрделілігі мектептегі оқу процесін, әсіресе тәрбие жұмысын бағалау критерийлерінің негізделген жүйесінің болмауымен түсіндіріледі. ***Мектепішілік бақылау жүргізудің маңыздылығы ол мектептегі оқу-тәрбие процесінің жай-күйі туралы объективті және толыққанды ақпарат алуға, сонымен қатар білім сапасын арттыруға және педагогтердің кәсіби деңгейін жетілдіру мақсатында іске асырылып жатқан жұмыстардың тиімділігін жан-жақты зерделеуге және талдауға мүмкіндік береді.***

Мектепішілік бақылаудың тексеріс жұмыстарынан айырмашылығы, мектепішілік бақылауды білім беру ұйымдарының субъектілері жүзеге асырады. Л.И. Вагина атап өткендей, мектепішілік бақылаудың мақсаты - білім беру ұйымының қызметі туралы ақпарат беру, жұмыстағы кемшіліктердің себептерін анықтау және түзету, педагогтерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Мектепішілік бақылау барысында алынған ақпарат, білім беру ұйымының қызметін, оқу-тәрбие процесін және педагогтің жұмысын жүйелі түрде зерделеуді қамтиды.

Мектепішілік бақылаудың мәні мен мақсаты жайында бүгінгі таңда теорияда да, тәжірибеде де біржақты түсініктеме берілмеген. Ю.А. Конаржевский мектепішілік бақылау мектептегі ең маңызды басқару қызметін атқарады деп есептейді. П.И. Третьяков мектепішілік бақылауды мектеп басшыларының педагогикалық ұжыммен және қоғамдық ұйымдар өкілдерімен оқу-тәрбие жұмысын дамытуға жәрдемдесетін бірлескен қызметі ретінде қарастырады.

Л.И. Петрова «Педагогикалық жүйелерді басқару негіздері» атты еңбегінде мектепішілік бақылау – бұл мектепішілік басқару жүйесі мен мектеп компоненттері арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге арналған басқарушылық функция деп жазады.

Мектепішілік бақылау білім беру ұйымдарында төмендегі мақсаттарда жүзеге асырылады:

– Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

– ҚР білім беру саласындағы заңнамасын сақтау;

– білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді орындау;

– білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын қорғау;

– білім беру мекемесі қызметін жетілдіру;

– оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру;

– педагогтердің кәсіби деңгейін жетілдіру.

Мақсаттардан мектепішілік бақылаудың келесі міндеттері шығады:

– білім беру саласындағы заңнаманың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыру;

– заңнамалық және де басқа нормативтік-құқықтық актілерді бұзушылық және орындамау оқиғаларын айқындау, олардың жолын кесу шараларын қабылдау;

– бұзушылықтардың негізінде жатқан себептерге талдау жасау, олардан сақтандыру жөнінде шаралар қабылдау;

– педагогикалық қызмет нәтижелерін зерделеу, білім беру үдерісін ұйымдастырудағы оңды және жағымсыз үрдістерді айқындау және үздік педагогикалық тәжірибені тарату мен жағымсыз үрдістерді жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

– мектеп бойынша бұйрықтардың іске асырылу нәтижелеріне талдау жасау;

– бақылау үдерісінде педагогикалық қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету;

– барлық оқу пәндері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарының сақталуын кезеңді түрде тексеру;

– білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін кезең-кезеңімен бақылау;

– білім беру ұйымында жүргізуге міндетті құжаттарды тексеру (журналдар, күнделіктер, дәптерлер және т. б.);

– жалпыға міндетті оқыту бойынша іс-шаралардың орындалуын бақылау (тамақтандыруды ұйымдастыру, материалдық көмек, үйде оқыту және т. б.);

– үйірмелердің, факультативтердің және спорт секцияларының жұмысын бақылау (сабақтардың жүйелілігі, сабақтардың саны, сабақтардың тақырыбы және т. б.);

– оқу-тәрбие процесінің жағдайын зерделеу, педагогтерді ынталандыру, өзара сенім және бірлескен шығармашылық ортаны құру;

– білім алушылар, тәрбиеленушілер мен педагогтердің қауіпсіздігін, денсаулығын қорғауды және нығайтуды қамтамасыз ету;

– қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімділігін анықтау, материалдық-техникалық базаны жетілдіру;

– мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау;

– ұзартылған күн топтарының жұмысын және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ыстық тамақтануын ұйымдастыруды бақылау;

– еңбектің қорғалуын және қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау (кабинеттерде, зертханаларда, шеберханаларда, спорт залында, мектеп жанындағы учаскеде).

Мектепішілік бақылаудың функциялары:

Диагностикалық функция: бақылау белгілі бір критерий бойынша педагогикалық процесті диагностикалау, оның барлық қатысушылары жұмысының жетістіктері мен қиындықтарын көрсетеді.

Ақпараттық функция: бақылау - жоспарланған нәтижелермен байланысқан кездегі қызмет нәтижелерін талдау, әкімшіліктің, педагогикалық және оқушылар топтарының жұмысын түзету, таңдалған стратегияға сәйкес іс-әрекеттің одан әрі тактикасын анықтау үшін қажетті ақпарат көзі.

Ынталандыру (мотивациялық) функция: бақылау білім алушыларды оқу нәтижелерін жақсартуға, педагогтердің оқу-тәрбие процесін жүзеге асырудың формалары мен әдістерін жетілдіруге ынталандырады; бақылау педагогтер мен білім алушылардың оқуда жақсы көрсеткіштерге жетуге деген жалпы ұмтылысын ынталандырады.

Коммуникативтік функция: бақылау өзара қарым-қатынастағы коммуникативтік буындардың бірі болып табылады (білім алушылар мен педагогтер; педагогтер мен мектеп директоры; білім алушылар, педагогтер мен мектеп директоры), жүйеленген бақылау педагогикалық процестің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуінің үздіксіз процесін қамтамасыз етеді.

Интеграциялық функция: бақылау жалпы мақсатқа жету үшін жұмыс қиындықтарын немесе кемшіліктерін жою кезінде педагогикалық процестің барлық қатысушыларының күш-жігерін біріктіреді.

Білім беру ұйымдарындағы мектепішілік бақылау мынадай принциптерге негізделеді:

Позитивті іздеу қағидаттары. Бақылаушы бақылаудан оң нәтиже шығару үшін ең алдымен педагог жұмысының табысты болғанын атап айтса, онда бақыланатын адаммен қызметіндегі қиындықтарды жою туралы диалог нәтижелі болады.

Мақсатқа қол жеткізуді бақылау қағидаттары. Бақылау формалары мен тақырыптарын циклдік түрде қайталай отырып, жұмыс процесін бақылаудың қажеті жоқ. Бақылау мектептің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу туралы ақпарат алуға бағытталуы керек.

Мектепішілік бақылау жүйесіндегі ***педагогтің субъективті позициясының қағидаты.*** Білім беру ұйымдарының педагогтері мектепішілік бақылау процесіне неғұрлым белсенді қатысса, соғұрлым өзара бақылау мен өзін-өзі бақылау табысты болады, педагогтердің жауапкершілігі мен сенімі артады.

Бақылаудың ашықтығы мен айқындығы қағидаты. Бақылаудың оң және теріс нәтижелері бүкіл ұжымға белгілі болуы керек. Бұл жағдайда топтың әр мүшесі өзін бағалай алады немесе өзінің педагог ретінде жетілдіру қажет тұстарын көре алады.

Жүйелілік қағидаты. Егер бақылау эпизодтық болса, онда оның пайдалылығы күрт төмендейді.

Білім беру процесінде мектепішілік бақылау әдетте жалпыға міндетті оқытудың орындалуына, оқу пәндерін оқытудың жағдайына, білім алушылардың білімі мен дағдыларының деңгейіне, құжаттардың жүргізілуі, сыныптан тыс тәрбие жұмысын, мектептен тыс және жалпы мектепішілік іс-шараларды ұйымдастыруда жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, мектепішілік бақылау білім беру саласындағы нормативтік құжаттардың орындалуына, педагогикалық кеңестердің шешімдерін орындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына, педагогтерге әдісетемлік қолдау көрсету үшін іске асырылады.

Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын тексеру мектепішілік бақылауға жатады: оқу кабинеттері, зертханалар, кітапхана, көрнекілік құралдар, спорт залы, мектеп құжаттамасын және мектептің іс қағаздарын жүргізу және т. б.

Мысалы, мектепішілік бақылаудың келесі объектілері ажыратылады:

Оқу процесі:

- оқу бағдарламаларын орындау;
- білім алушылардың білім деңгейі мен дағдылары;
- дарынды балалармен жеке жұмыс;
- сабақтан тыс іс-шаралардың сапасы және т.б.

Тәрбие процесі:

- білім алушылардың тәрбиелік деңгейі;
- білім алушылардың қоғамдық белсенділік деңгейі;
- сынып жетекшілердің қызметі;
- ата-аналардың тәрбие процесіне қатысуы;
- мектептегі тәрбиелік іс-шаралар және т.б.

Оқу-әдістемелік жұмыс:

- әр педагогтің кәсіби деңгейі;
- әр сынып жетекшісінің кәсіби деңгейі;
- педагогикалық тәжірибені тарату жолдары;
- педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және т.б.

Ғылыми және инновациялық қызмет:

- бұл қызметтің мектепті дамыту тұжырымдамасына сәйкестігі;
- инновациялардың ғылыми негізділік дәрежесі;
- инновациялардың тиімділігі;
- педагогтердің ғылыми білім деңгейі;
- білім алушылардың зерттеу қызметі.

Білім алушылар мен педагогтердің психологиялық жағдайы:

– білім алушылардың, педагогтердің психологиялық жайлылық (ыңғайсыздық) дәрежесі;

Материалдық-техникалық жағдайы:

- еңбекті қорғау;
- санитарлық-гигиеналық жағдайы;
- оқу және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету;
- оқу-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету.

Мектепішілік бақылаудың түрлері мен нысандары.

Менеджменттің негізгі функциясы ретінде бақылау басқару объектісінің жағдайы мен қызметі туралы ақпаратты қалыптастыруға, оқу-тәрбие процестері мен нәтижелері туралы ақпаратты зерттеуге (талдау), мектепті дамыту және қойылған мақсаттарға жету процестерін диагностикалау және бағалау бойынша

жұмыстарға, стратегиялардың тиімділігіне, басқару құралдары мен әдістерін пайдаланудың нәтижесіне мен қателіктерді түзетуге байланысты басқару қызметінің түрлерін біріктіреді. ***Басқаша айтқанда, басқару функциясы ретінде бақылау - бұл мектеп жүйесінің өзгеру процесін бақылау, алынған нәтижелерді берілген мектептің даму жоспары мен оқу бағдарламаларымен салыстыру, бағдарламадан ауытқуларды, олардың себептерін және шешу жолдарын анықтау.***

Мектепте атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйін білу бақылау функциясын іске асыру есебінен қамтамасыз етіледі. Бақылау мектептегі нақты жағдай жоспарланған нәтижеге сәйкес келмейтін болса, қандай басқару шешімдерін қабылдау қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді. Бақылау міндеттеріне педагогикалық ұжымның жұмысын бағалау және орындаушыларды нәтижелі жұмыс істеуге ынталандыру үшін ақпараттық базаны қалыптастыру кіреді. Соңында, бақылау педагогикалық және басқарушылық қызметтің ең құнды тәжірибесін анықтауға мүмкіндік береді.

Бақылау субъектілері нормативтік құжаттар негізінде, сондай-ақ мектепішілік бақылау жоспарын әзірлеу кезінде айқындалады. Бақылау функциясын кім орындайтынына байланысты мектеп бақылаудың мынадай нысандарын ажыратады:

- әкімшілік бақылау;

- өзара бақылау;

- ұжымдық бақылау;

- өзін-өзі бақылау.

Мектеп басшылығының бақылауы ***әкімшілік*** деп аталады. Педагогтер мен мектеп басшылары бір-біріне қатысты бақылау функциясын орындай алады. Бұл жағдайда бұл өзара бақылау болып табылады. ***Өзара бақылау*** озық тәжірибені тарату және кәсіби біліктілікті арттыру кезінде ең тиімді болып құрал болып табылады.

Педагогтер ұжымы жүзеге асыратын бақылау – ***ұжымдық бақылау***. Бұл педагогтердің қызметін тең бақылау, ол кәсіби пікірталастар, шығармашылық есептер түрінде жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бақылау педагогтің сенімге негізделген жұмысын білдіреді. Өзін-өзі бақылау педагогтің қол жеткізген нәтижелерін қажетті стандарттар мен қызмет нормаларымен дербес салыстыру арқылы жүзеге асырылады (1-кесте).

Бақылау нысаны	**Түсініктемелер**
Ұжымдық	Бақылауға басқарудың барлық сатылары тартылады: әкімшілік, ӘБ жетекшілері, тәжірибелі педагогтер, білім алушылар, ата – аналар-бақылау объектілері мен шеңберлерін нақты айқындаған кезде
Өзара бақылау	Бақылауға ӘБ жетекшілері, тәжірибелі педагогтер мен сынып жетекшілердің сабаққа өзара қатысуы арқылы жүзеге асырылады

Өзін-өзі бақылау	Ұсынылған алгоритмдер бойынша міндетті мерзіммен ең тәжірибелі педагогтер мен сынып жетекшілеріне беріледі.
Әкімшілік жоспарлы бақылау	Мектеп директоры немесе оның орынбасарлары, ӘБ жетекшілері мектепішілік бақылауды бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырады
Әкімшілік реттеуші бақылау	Жоспарда көзделмеген мәселелер туындаған жағдайда мектеп директор немесе оның орынбасарлары жүзеге асырады

1-кесте. Бақылау нысандарының сипаттамасы

Мектептің әртүрлі нысандары мен қызметін бақылау үшін сан түрлі формалар мен әдістер қолданылады. Бақылау формаларының екі негізгі тобын ажыратуға болады

Біріншісіне мектептің білім беру және басқа да негізгі қызмет процестерінің жағдайын тексеру үшін қолданылатын алдын - ала, ағымдағы және қорытынды бақылау, ал екіншісіне оқу-тәрбие процесінің жай-күйін бақылаудың арнайы формалары жатады.

Алдын ала бақылау нақты жұмыс басталғанға дейін жүзеге асырылады.

Ағымдағы бақылау жоспарланған жұмыстарды орындау барысында жүргізіледі. Бақылау объектісі болып орындаушылар қызметінің аралық нәтижелері, олардың жұмысқа қатынасы, бірлескен жұмыс топтарында қалыптасқан тұлғааралық қатынастар болып табылады. Ағымдағы бақылау жұмыс басталғаннан соң белгілі бір уақыттан кейін жүзеге асырылады, сол кезде орындалған жұмыстың белгілі бір нәтижелерін шығаруға мүмкіндік болады. Ағымдағы бақылаудың мәні аралық нәтижелердің жоспарланған нәтижелерден ықтимал ауытқуларын анықтау болып табылады.

Қорытынды бақылау жұмыс толық аяқталғаннан кейін, мысалы, оқу жылының соңында жүзеге асырылады. Қорытынды бақылаудың объектісі болып талап етілетін нәтижелермен салыстырылатын қызмет нәтижелері (жоспардағы мақсатқа сәйкес) табылады. Бұл бақылаудың мәні-мақсатқа жету дәрежесін анықтау, болашақта осындай жұмыстардың тиімділігін арттыру, оларды жоспарлау және әдістемелік қолдау көрсету үшін ақпарат жинау.

Оқу-тәрбие процесін бақылаудың екі түрі бар: тақырыптық және фронтальды, олардың әрқайсысы өз формаларында жүзеге асырылады. Тақырыптық бақылау тақырыптық-жалпылау, сыныптық-жалпылау, пәндік-жалпылау және жеке формаларға ие.

Тақырыптық бақылау.

Мақсат – жекелеген сұрақтар бойынша немесе проблеманы терең зерттеу (белгілі бір тақырып бойынша білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейі, функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру, т.б.).

Субъект – мектеп әкімшілігі, тәжірбиелі педагогтер

Объект – педагог, әдістемелік бірлестік, сынып, параллель сынып.

Бақылау тақырыбы мектепті дамыту бағдарламасына, оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп жұмысына аналитикалық талдау нәтижесіне және білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары сәйкес анықталады.

Фронтальды бақылау.

Мақсаты – бір педагогті немесе педагогтер тобының барлық мәселелері бойынша оқу жылы ішінде бір реттен жиі емес жүргізілетін терең кешенді тексеру.

Субъект – білім беру ұйымының әкімшілігінің мүшелерінен, әдістемелік бірлестік жетекшілерінен, жекелеген педагогтерден тұратын топ. Топ құрамында жұмыс істеу үшін әкімшілік басқа мектеп педагогтерін, білім басқармасының мамандарын және ЖОО оқытушыларын тарта алады.

Объект – жекелеген оқу пәндерінің барлық сыныпта немесе бір ғана сыныпта оқыту жағдайы, сынып жетекшілердің жұмысын бағалау және т.б. Фронтальды бақылау нәтижелері бойынша анықтама және бұйрық дайындалады, педагогикалық кеңестің отырысы, директордың немесе оның орынбасарларының қатысуымен жиналыс өткізіледі.

Жеке бақылау.

Бұл бір педагогтің әртүрлі сыныптарда жоспарлы түрде жүргізілетін жұмысын бақылау. Жеке бақылаудың міндеттері педагогтердің өз міндеттерін орындау сапасын бағалау, педагогикалық қызметін диагностикалау, әдістемелік көмек көрсету, ынталандыру, аттестация кезеңіндегі педагогтің жұмысын объективті бағалау.

Бақылау нысандары: құжаттаманы талдау (ҚМЖ, сынып журналы, білім алушылардың дәптері мен күнделіктері, тәрбие жұмысының жоспарлары, сынып журналдары т.б.), сабақтарға, факультативтер, үйірмелер, секцияларға қатысу және талдау, оқу-тәрбие процесін мониторингілеу, білім алушыларды, ата-аналарды және педагогтерді тестілеу және сауалнама жүргізу.

Кешенді бақылау.

Ол педагогикалық ұжымның (немесе оның бір бөлігінің) қызметін бірқатар аспектілер бойынша терең жан-жақты тексеруді қарастырады. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларын сабақта және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында дамыту жұмыстары, гуманитарлық пәндер мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы.

Тақырыптық-жалпылама бақылау.

Әртүрлі сыныптарда және жекелеген пәндер бойынша педагогикалық процестің бір аспектісін терең зерттеуді қамтамасыз етеді. Мысалы, 10-11 сыныптарда оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, 5-7 сыныптарда экологиялық тәрбие беру.

Сыныптық-жалпылама бақылау.

Сыныпты жалпылама (кешенді-жалпылама) бақылау белгілі бір сыныптағы (параллельдегі) оқыту процесінің жай-күйі туралы ақпарат алуға бағытталған. Сыныптар (параллель) оқу жылының қорытындысы бойынша аналитикалық талдау нәтижелері негізінде айқындалады. Сыныпты жалпылама бақылауды жүргізудің себебі білім сапасының төмендігі, білім алушылардың оқу

жетістігін бағалау және олқылықтардың орнын толтыру басқа да анықталған мәселелер болуы мүмкін.

Мысалы, білім алушылардың бітіру емтихандарына дайындық жұмыстары бойынша бақылау жүргізу.

Пәндік-жалпылама бақылау.

Бұл әртүрлі сыныптарда және жеке педагогтердің белгілі бір пәнді оқыту сапасын тексеру. Мысалы, 5-9 сыныптарда қазақ тілі пәнін оқытудың жағдайы. Бақылау жүргізудің өзектілігі оның қандай міндеттерді көздейтіндігімен байланысты.

Білім беру ұйымдарында мектепішілік бақылауды жүзеге асырған кезде келесі модельді ұсынылады:



1-сурет. Мектепішілік бақылауды жүзеге асыру моделі

Мектепішілік бақылау технологиялары.

Мектепішілік бақылауды жүзеге асыру технологиясы келесі қадамдардан тұрады.

Дайындық кезеңі	Мектеп әкімшілігі педагогикалық кеңесте немесе әдістемелік отырыстарда бақылау объектілері, бақылау түрлері мен әдістерін, күтілетін нәтижелермен таныстырады. Отырыс барысында бақылаудың мерзімдері, бақылау объектілері мен субъектілері, жекелеген мәселелер бойынша бақылаудың мақсаттары анықталады.
Болжамдық кезең	Бұл кезеңде шығармашылық топ бақылауды жүзеге асыру процесін талқылайды, бақылау әдістері мен түрлерін, алынған материалды талдау жолдарын анықтайды. Зерттелетін мәселелер бойынша қолданылатын диагностикалық материал талқыланады. Бұл кезеңде мәселені зерттеу жоспары жасалады, аралық және қорытынды зерттеулерге жауаптылар белгіленеді.
Мәселені зерттеу және ақпарат жинау	Бұл кезеңде бақылаушылар сабақтарға немесе сыныптан тыс іс-шараларға қатысады. Сынып жетекшілер және пән мұғалімдерімен кездесулер мен кеңестер өткізеді, құжаттаманы зерттейді, басқа да қатысушылармен сұхбат жүргізеді.
Талдау	Бұл кезеңде мәселені зерттеу барысында алынған материалдар талданады, диагностикалық кестелер, диаграммалар құрастырылады. Барлық алынған материалдар бақылау нәтижелері бойынша анықтама жазуға негіз болып табылады. Педагогтерге анықтамалық материалдар ұсынылады, зерттеу материалдары негізінде педагогтермен сұхбат жүргізіліп, әдістемелік қолдау шаралары жоспарланады.
Түзету	Бұл кезеңде ағымдағы жағдайды түбегейлі жақсарту үшін кейіннен талдау жүргізе отырып, түзету шаралары жүргізіледі. Бұл қысқа-мерзімдік жоспарды немесе сыныптан тыс іс-шаралардың сценарийлерін әзірлеу, педагогтерге ұсыныстар беру, білім алушылардың жазбаша жұмыстары және т.б. бойынша әдістемелік қолдау көрсетіледі.

2-кесте. Мектепішілік бақылау технологиялары

Іс жүзінде мектепті басқару қызметінде педагогикалық менеджмент саласының ғалымы Л. И. Петрова әзірлеген мектепішілік бақылау технологиясын қолдануға болады, ол келесі кезеңдерді қамтиды:

1. Тексерушінің құзыреттілігі	Мектеп директоры немесе орынбасарларында білім беру ұйымында оқытылатын барлық оқу пәндерінің мазмұнын түсінуде қиындық туындауы мүмкін. Бұл ретте өзіңізбен бірге сабаққа немесе сыныптан тыс іс-шараға әдістемелік бірлестіктің жетекшісі немесе тәжірибелі пән мұғалімдерінің қатысуы ұсынылады.
2. Бақылау әрекеттерін ізгілендіру	Бақылаудың ізгілігі бақылау барысында педагогтің жеке тұлға ретіндегі даму динамикасы, кәсіби даму деңгейі бағаланатынын білдіреді
3. Бақылауды дербестендіру	Әр педагогті әлеуеті мол шығармашыл тұлға ретінде көру және оның өзіндік ерекшелігіне сәйкес бақылау технологиясын құру керек. Ол үшін әр педагогтің жеке сипаттамаларын анықтап, оларды бақылау жүргізу түрлерімен байланыстыру қажет.
4. Бақылауды үйлестіру	Педагогикалық менеджердің өкілеттіктерін аса белсенді және тәжірибелі мұғалімдерге жүктеу. Бақылауға қатысатын әдістемелік бірлестіктің жетекшісінен басқа, бұл ұжымның белсенді мүшелері қатысуы мүмкін.

5. Бақылауды жоспарлау	Бақылау мақсатын іске асыру оның негізгі іс-әрекеттерін: мазмұнын, мерзімдерін, бақылау субъектілері мен объектілерін байланыстырған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3-кесте. Мектепішілік бақылау технологиясы

Мектепішілік бақылау әдістері.

1. Тікелей бақылау. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің қызметін бақылау:

а) сабақтарға қатысу, бақылау және талдау, кері байланыс беру;

б) сыныптан тыс іс-шараларға қатысу, бақылау және талдау;

в) қосымша үйірмелерге, факультативтерге, спорт секцияларына қатысу және олардың қызметін талдау.

2. Құжаттаманы қарау. Мектеп жоспарлары (қысқа мерзімді сабақ жоспары, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, тәлімгерлік жоспар т.б.), хаттамалар, есептер, іс-қағаздар, сынып журналдары және т. б.

3. Білім алушылармен, педагогтармен және ата-аналармен әңгімелесу. Кесте бойынша тоқсанына бір рет педагогтермен оқу бағдарламаларының орындалуын, білім алушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы, әдістемелік көмек көрсету мәселелері және т.б. жеке әңгімелер өткізу.

4. Жеке сыныптарды кешенді зерттеу. Мектеп әкімшілігі бір оқу күнін толықтай бір сыныпта өткізеді (қатарынан 5-6 сабақ). Ол әртүрлі жағдайларда бір сынып оқушыларының сабаққа қатысуын, өзара қарым-қатынастары, сыныптағы тәртіптің сақталуы, тапсырмаларды орындауы және белсенділігін бақылайды. Мұндай әдіс арқылы бір педагогтің оқушылардың сабаққа қызығушылығын қалай оятатындығын, ал екінші педагогте керісінше оқушылардың сабақтағы белсенділігі не себептен төмендейтінін бақылауға және сол арқылы қандай әдіс-тәсілдер қолданады, сыныптағы ахуал қандай, әдістемелік көмек қажет пе деген сияқты сұрақтарға жауап алуға және нақты қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

5. Тәжірибелі педагогтердің сабаққа мақсатты қатысуы. Мектеп әкімшілігі пән мұғалімдерінің жұмысын тереңірек зерделеу үшін және әдістемелік қолдау көрсету, кәсіби кері байланыс беру үшін тәжірибелі педагогтің сабақтарға бірге қатысуы ұсынылады.

6. Ауызша бақылау. Қатысқан сабақтарының, сыныптан тыс іс-шаралардың, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының негізгі мәселелерінің оқу мақсатына сәйкес немесе кешенді түрде жүргізілуі, оның күнтізбелік-тақырыптық және сабақ жоспарларын қарау және талдау, сабақтың нәтижелері бойынша педагогтермен әңгімелесу. Өткен сабақтарды талдау, сынып журналдарын, білім алушылардың дәптерлерін, күнделіктерін талдау нәтижелері бойынша сұхбат. Оқыған және өткен материалдар бойынша білім алушылармен сұхбат.

7. Жазбаша бақылау. Қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша тесттер мен сауалнамалар, емтихан, қорытынды, ағымдағы бақылау жұмыстары, эсселер және т.б. шығармашылық сипаттағы жазбаша жұмыстар, оларды талдау, қиындықтарды жіктеу. Кесінді алу үшін педагогтің сабағына кедергі келтірмей, қандай да бір пән бойынша (математика, химия және т.б.), оның ішінде зерттелетін мәселе бойынша ақпарат алу үшін белгіленген уақытпен қысқа жазбаша жаттығуды қосуы мүмкін.

8. Аралас басқару. Логикалық байланысты, мақсатқа сәйкес, ауызша және жазбаша әдістердің үйлесімі арқылы негізделген.

Мектепішілік бақылау процесінде *мектеп құжаттамасын зерделеу, бақылау, әңгімелесу, ауызша және жазбаша бақылау, сауалнама жүргізу, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, хронометраждау, диагностикалық әдістер,* яғни қажетті объективті ақпарат алуға мүмкіндік беретін әдістер де қолданылады. Әдістер бір-бірін толықтырады, егер біз нақты жағдайды білгіміз келсе, мүмкіндігінше әртүрлі бақылау әдістерін қолдануымыз керек.

Хронометраж әдісі мектептің жұмыс режимін, сабақтардың және сыныптан тыс іс-шараларды уақытын ұтымды пайдалануды, білім алушылар мен педагогтердің жұмыспен қамтылуын, олардың шамадан тыс жүктеме себептерін, үй тапсырмасының көлемін және т. б. анықтауда қолданылады.

Бақылау жүргізу кезінде оқу-тәрбие процесінің сандық және сапалық сипаттамаларын көрсететін мектеп құжаттамасын зерттеу әдісін қолдануға болады. Мектептің құжаттамасына: оқушылардың алфавиттік кітабы, оқушылардың жеке істері, сынып журналдары, факультативтік сабақтар журналдары, ұзартылған күн топтарының журналдары, бланкілерді есепке алу және білім туралы аттестаттар беру кітаптары, мектептегі жиналыстардың мен педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалар кітабы, мектеп бойынша бұйрықтар кітабы, педагогикалық қызметкерлерді есепке алу кітабы, сабаққа келмеу мен сабақты ауыстыруды есепке алу журналы және т. б. Мектеп құжаттамасын тізбелеу фактісінің өзі оны пайдалану барысында алынған ақпараттың әртүрлілігі мен байлығын көрсетеді. Мектеп құжаттамасында бірнеше жылдағы ақпарат бар, қажет болған жағдайда мұрағатқа жүгінуге болады, бұл салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді, әсіресе болжамды қызмет үшін құнды.

Мектеп тәжірибесінде *ауызша және жазбаша бақылау* жиі қолданылады. Дегенмен, олардың барлық қолжетімділігі мен пайдаланудың қарапайымдылығымен олармен шектелуге болмайды. Мектеп тәжірибесінде ақпарат жинаудың социологиялық әдістері де қолданылады. Оларға сауалнама, сұрақ қою, сұхбат, әңгіме, эксперименттік бағалау әдісі және т.б. кіреді. Олар тексерушіні қызықтыратын ақпаратты жылдам алуға мүмкіндік береді.

Мектепішілік бақылаудың нысандары мен әдістерін таңдау оның мақсаттарымен, міндеттерімен, бақылау объектісі мен субъектісінің ерекшеліктерімен байланысты. Әр түрлі формалар мен әдістерді қолдану нақты жоспар негізінде іске асыру мүмкін және оны жүргізуге мектеп әкімшілігін, педагогтерді, әдіскелерді қосу шартымен мүмкін болады.

Мектепішілік басқару жүйесіндегі бақылаудың рөлі мен орны

Білім берудің сапасын арттыру үшін мектепішілік бақылауды ұйымдастыру үлкен маңызға ие.

Бақылау – бұл білім беру ұйымы әкімшілігінің ең күрделі іс-әрекеттерінің бірі, осы функцияның миссиясы мен рөлін терең түсінуді, оның мақсатты бағыттарын білуді және әртүрлі технологияларды игеруді талап етеді (2-сурет).



2-сурет. Мектепішілік басқару механизміндегі бақылаудың рөлі мен орны.

Мектепішілік бақылауды өткізу тәртібі:

– Мектепішілік бақылау МІБ оқу жылына арналған жоспары негізінде жүзеге асырылады.

– Білім беру ұйымының басшысы МІБ өткізу туралы бұйрық шығарады;

– МІБ нәтижелері директор жанындағы кеңестерде немесе педагогикалық, әдістемелік кеңестің отырыстарында ұсынылатын талдамалық анықтама түрінде ресімделеді;

– Материал фактілерді, мәселелерді, қорытындыларды және қажет болған жағдайда ұсыныстарды қамтуы керек;

– Білім беру ұйымының басшысы МІБ нәтижелері бойынша мынадай шешімдер қабылдайды: тиісті бұйрық шығару, белгілі бір мамандарды (сарапшыларды) тарта отырып, қайта бақылау жүргізу туралы бұйрық, лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы бұйрық, қызметкерлерді ынталандыру туралы, өз құзыреті шегінде өзге де шешімдер әзірлеу;

– МІБ нәтижелері мүдделі тұлғаларға белгіленген мерзімде хабарланады.

МІБ субъектілерінің құқықтары мен міндеттері

Бақылауды жүзеге асыратын адамның құқығы бар:

– мектептегі функционалдық міндеттері мен мазмұнына сәйкес

құжаттамамен таныстыру мұғалімдердің практикалық қызметін зерттеу;

– білім беру процесінің мониторингін, социологиялық, психологиялық, педагогикалық және басқа да зерттеулерді жүргізу;

– басқарушылық шешімдер қабылдау үшін білім беру ұйымының басшысына талдау материалдары мен ұсыныстарын бағалау, қорытынды жасау және ұсыну.

МІБ-ға жататын адамның құқығы бар:

– МІБ өткізу туралы бұйрықпен танысу;

– оны өткізу барысында МІБ барлық материалдарымен танысу;

– білім беру ұйымының басшысына немесе жоғары тұрған басқару органдарына МІБ бағаларымен және қорытындыларымен келіспейтіндігіңіз туралы жазбаша нысанда мәлімдеуге;

– объективті себептер болған жағдайда МІБ мерзімдерін ауыстыру туралы сұрау.

Бақылау – мектепішілік басқарудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Педагогтердің қызметін тікелей бақылауды - мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес мектеп директоры немесе оның орынбасары жүзеге асырады. Бұл білім беру ұйымындағы бақылау оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың нәтижелері туралы сенімді ақпарат алуға ықпал етеді.

Педагогтің қызметін бақылау келесі жағдайларда мектепішілік бақылау жоспарына енгізілуі мүмкін:

– білім алушыларды ағымдағы, аралық аттестаттау нәтижелерін жоспарлы зерделеу;

– педагогтерге әдістемелік көмек көрсету қажеттілігі;

– білім беру ұйымын аттестаттауға дайындық;

– педагогтерді аттестаттауға даярлау (аттестатталушының өтініші бойынша);

– педагогикалық кеңесте, әдістемелік кеңесте мәселені қарауға дайындық;

– ата-аналардың өтініштері бойынша және т.б.[8].

Бақылауды бастамас бұрын, оған қатысты нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу қажет: зерттелетін мәселелер бойынша бақылау критерийлерін, дескрипторларды анықтау; тексеру жүргізу процесінде зерттелетін білім беру бағдарламасының сол бөлігімен танысу; білім беру бағдарламасының қолданыстағы әдістемелік қамтамасыз етілуімен танысу; білім алушылардың білімін ағымдағы бақылаудың жай-күйін талдау.

Педагогтердің жұмысындағы қиындықтарды, олардың білім беру қажеттіліктерін анықтау мақсатында жыл сайын педагогикалық ұжымға кешенді диагностика жүргізілсе, мектепішілік бақылау мектептің сапалы жұмысын қамтамасыз етеді.

Диагностика-білім беру ұйымын сапалы басқарудың негізі. Ол білім беру ұйымындағы жұмыстардың жағдайын зерделеуге және талдауға, белгілі бір қиындықтарды анықтауға (және алдын алуға), олардың себептерін анықтауға, оларды тезірек жою жолдарын анықтауға бағытталуы керек.

Тәжірибе көрсеткендей, бақылау мен талдау келесі шарттарды орындау кезінде демократиялық элементтерге ие:

1. Мектеп басшылығының жоғары құзыреттілігі, оның дүниетанымдық, ғылыми-теориялық дайындығының жеткілікті деңгейі, мектеп басшысының пән мұғалімі ретіндегі шығармашылық жұмысы, педагогика, дидактика, жеке әдістемелер, жас және педагогикалық психология, мұғалім психологиясы, тәрбие теориясы мен әдістемесі, педагогтердің жұмысын дұрыс бағалау қабілеті.

2. Бақылаудың қоғамдық сипаты: мектептің үздік педагогтерін, әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топтардың басшыларын бақылау жұмысына тарту.

3. Бақылаудың жариялылығы мен объективтілігі-педагогикалық ұжым мен бақыланатын адамдарды ақпаратпен қамтамасыз ету; сонымен бірге жариялылық оқу-тәрбие процесін реттеу мен түзетудің міндетті шарты болады.

4. Бақылаудың тексерілетін объектілерді, педагогикалық іс-әрекеттерді, педагог пен білім алушылардың қызметін терең және жан-жақты талдаумен өзара байланысының болуы, оның түпкі мақсаты педагогикалық және басқарушылық шешімдер қабылдау, сондай-ақ зерттелетін процестің немесе оның жекелеген аспектілерінің одан әрі дамуын болжау болып табылады.

2. МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ. ОЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспары ***«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына*** сәйкес әзірленеді және жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесіне енеді. Осы бұйрыққа сәйкес мектеп директорының қызмет бағыттары бойынша (оқу, тәрбие жұмысы, бейіндік оқыту, ақпараттық технологиялар жөніндегі) орынбасары оқу жылы басталғанға дейін бір рет мектепішілік бақылау жоспарын (қағаз немесе электрондық нұсқада) әзірлейді және оны мектеп директоры бекітеді.

Мектепішілік бақылау жоспары 8 бағыттан тұрады.

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау;

2. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;

3. Оқу процесінің сапасын бақылау;

4. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау;

5. Оқу-зерттеу қызметі;

6. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау;

7. Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау;

8. Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау.

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау.

Білім беру процесін басқаруды жүзеге асыру кезіндегі нормативтік-құқықтық құзыреттілік басқарушылық құзыреттілектің негізі болып табылады, өйткені оның функционалдық құрамдас бөлігі ұйымдық-басқару қызметі, ресурстарды басқару, педагогтар мен білім алушыларды басқару, ақпаратты басқару, қызметті басқару, сапаны басқару, материалдық–қаржылық қызметті басқару болсын қызметтің нормативтік–құқықтық аспектілеріне бағынады. Мектеп менеджменті кадрларды тиімді басқару үшін ғана емес, сондай-ақ қойылған мақсаттарға, міндеттерге, қабылданған шешімдерге қол жеткізуде олардың қызметін үйлестіру, олардың орындалуын бақылау мен талдауды ұйымдастыру үшін қажет. Білім беруде тез жүзеге асырылатын өзгерістер жағдайында олардың мәні мен сипатын, нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуін, білім беруді реттейтін заңнамалық базаның өзгеруін жақсы білу қажет

Мектеп әкімшілігі мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес білім беру саласындағы НҚА талаптарының орындалуын және сақталуын қадағалайды. Педагогикалық ұжымға білім беру саласындағы НҚА енгізілген өзгерістер мен

толықтырулар туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру маңызды.

Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен мектепішілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін білім беру ұйымдарының әкімшілігіне келесі негізгі нормативтік құқықтық актілері ұсынылады:

– ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыздағы;

– «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

– «Тіл туралы» ҚР 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы;

– «Педагог мәртебесі туралы» ҚР 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;

– «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);*

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);*

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);*

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);*

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);*

– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);*

– «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы);*

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);*

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы;*

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);*

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);*

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығы);*

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);*

– «Мамандандырылған Білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);*

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);*

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» *(ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);*

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» *ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);*

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің *(2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы);*

– «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі

білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» *(ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы);*

– «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» *(ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);*

– «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);*

– «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);*

– «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);*

– «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);*

– «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы);*

– «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы);*

– «Тәлімгерлекті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту» *(Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы) және т.б.*

Төмендегі кестеде нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау бөлімі үлгі ретінде ұсынылады (4-кесте).

4-кесте. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау бөлімінің үлгісі

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау									
«Білім туралы» ҚР Заңын орындау	Тегін білім алуға конституциялық құқықты қамтамасыз ету	1-11 сынып оқушылары	Тақырыптық	Тікелей бақылау	тамыз	Сынып жетекшілер	ПК	Бұйрық, тізімдер	Тамыз, қаңтар
Білім алушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі	Оқушыларды оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету	1-11 сыныптары	Фронтальды	Талдау	тамыз	Кітапхана, меңгерушісі сынып жетекшілер	ПК	Анықтама	Әр тоқсан сайын
ҚР «Тіл туралы» Заңын орындау мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытындысы	Тіл туралы заңның орындалуын бақылау	Іс-шаралар	Тақырыптық	Талдау	қыркүйек	ДТЖЖО	ДЖК	Анықтама	қараша
Сыныптарды жинақтауды бақылау	Орта білім алғанға дейін мектеп жасындағы балаларды есепке алуды ұйымдастыру талаптары мен қағидаларын сақтау	1 , 5, 10 сынып оқушыларының құжаттары, сыныптар бойынша тізімдер, келгендер мен кеткендерді бақылау	Тақырыптық	Тікелей бақылау	тамыз-қыркүйек	ДТЖЖО	ПК	Бұйрық	Әр тоқсан сайын

2021-2022 оқу жылындағы аттестаттау жұмысының қорытындысы	Аттестаттау жұмысының қорытындысымен таныстыру	Аттестаттау жұмысы	Тақырыптық	Тікелей бақылау	Мамыр	ДҒӘЖЖО	ПК	анықтама	АКО
ҚР-ның білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды түсіндіру	Педагогикалық ұжымды 2022-2023 оқу жылына арналған нормативтік құжаттармен таныстыру	Әдістемелік жұмыс	Жалпылама	Талдау	Тамыз	ДТЖЖО	ПК	анықтама	Әр тоқсан сайын

2. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау.

Білім беру ұйымдары қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттар «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. ***Бұл құжаттарды мектеп әкімшілігі және педагогтер қағаз немесе электронды форматта толтырады. Электрондық форматта толтыратын жағдайда қағаз нұсқа талап етілмейді.*** Мектепішілік бақылау жоспары негізінде мектеп директоры немесе орынбасарлары, педагогтерден құралған комиссия келесі құжаттар тізбесінің толтырылуын және жүргізілуін бақылайды, сонымен қатар педагогикалық ұжымға құжаттарды толтыру бойынша әдістемелік көмек көрсетеді.

Білім беру ұйымында жүргізілуге міндетті құжаттардың тізбесі:

– 1-4 сыныптарға арналған сынып журналы;

– 5-11 сыныптарға арналған сынып журналы;

– мектепалды сыныптардың журналы;

– факультативтік сабақтардың немесе үйде оқыту журналы;

– білім алушының жеке іс қағазы;

– 1-4 сынып білім алушыларының үлгерімі туралы табельдері;

– 5-11 (12) сынып білім алушыларының сабақ үлгерімі туралы табелдері;

– бұйрықтарды тіркеу кітабы (негізгі қызметке, жеке құрам бойынша, білім алушылардың қозғалысы бойынша);

– педагогикалық кеңес хаттамалары кітабы;

– педагог қызметкерлердің жеке құрамын есепке алу кітабы;

– білім алушыларды жазатын алфавиттік кітап;

– кеткен білім алушыларды есепке алу кітабы;

– келген білім алушыларды есепке алу кітабы;

– босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы;

– білім алушылардың үлгерімі туралы табельдерді есепке алу кітабы;

– негізгі орта білім беру ұйымын бітіргендігі туралы аттестатты беру және есепке алу кітабы;

– жалпы орта білім беру туралы аттестатты есепке алу және беру кітабы;

– мақтау грамоталарын және мақтау қағаздарын беруді есепке алу кітабы;

– жеке сабақтарды есепке алу журналы;

– мектептің жұмыс жоспарлары;

– мектептің әлеуметтік картасы;

– баланың жеке даму картасы;

– тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы;

– перспективалық жоспар;

– пәндер бойынша орта мерзімді және қысқа мерзімдік жоспар;

– автоматтандырылған ақпараттық жүйеден автоматты түрде жасалатын және бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша талдау;

– негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін емтихан хаттамасы;

– 9 (10), 11 (12) сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау хаттамалары;

– тәлімгерлік жоспар:

– сынып жетекшінің жоспары;

– әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жоспары;

– мектептің әлеуметтік картасы;

– педагог-психологтың оқу жылына арналған жұмыс жоспары;

– педагог-психологтің консультациясын есепке алу журналы;

– мектептің жұмыс жоспарлары (тәрбие жұмысы жоспары, мектептің дамыту бағдарламасы, оқу-тәрбие жұмысы жоспары, мектепішілік бақылау жоспары, жұмыс оқу жоспары);

– педагогтердің оқу жүктемесі (тарифтеу) туралы мәліметтер;

– ата-аналар жиналысының, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік кеңестің хаттамалары және т.б.

Төмендегі кестеде талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау бөлімі үлгі ретінде ұсынылады (5-кесте).

5-кесте. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау бөлімінің үлгісі

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау									
2021-2022 оқу жылындағы мектептің жұмыс жоспарын бекіту, іске асыру, жалпыға бірдей білім беру кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту, оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау.	Негізгі жұмыс бағытын айқындау	Оқу-тәрбие процесі	Тақырыптық	Талдау, сараптама	Тамыз	Директор, ДҒӘЖЖО, ДОТІЖО ДТЖЖО, ДҚТІЖО	ПК	бұйрық	үнемі
Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды әзірлеу және бекіту	КТЖ оқу бағдарламаларына сәйкестігін бағалау	Бағдарлама, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар	Тақырыптық	Құжаттарды тексеру	Тамыз	Директор, ДҒӘЖЖО, әдістемелік бірлестік жетекшілері	ПК	КТЖ бекіту	желтоқсан

Білім алушылардың жеке іс қағаздарының дұрыс жүргізілуін бақылау қорытындысы	Білім алушылардың іс-қағаздарының жаңартылуын бақылау	Білім алушылардың жеке іс қағазы	Тақырыптық	Құжаттарды тексеру	Қыркүйек	ДОТІЖО-лары	ДЖК	анықтама	қаңтар
Барлық деректердің электрондық журналға енгізілуін тексеру қорытындысы	Деректердің электрондық журналдарға енгізілуін бақылау	1 – 11 сыныптың электрондық журналдары	Тақырыптық	Бақылау	Қыркүйек	ДАТІЖО	ДЖК	анықтама	ӘО
Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы, күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкестігі. Қысқа мерзімді жоспарлар мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды тексеру қорытындысы	Оқу бағдарламасының орындалуы, сапасын бақылау	Оқу бағдарламасы, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, қысқа мерзімді жоспарлар	Тақырыптық	Құжат тексеру	Қазан	ДҒӘЖЖО, ДОТІЖО-лары	ДЖК	анықтама	ӘО

3. Оқу процесінің сапасын бақылау.

Оқыту процесінің және білім алушының оқу жетістігінің сапасын арттыру, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепішілік бақылау жүргізіледі.

Оқу процесін ұйымдастыру мен мектепішілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін білім беру ұйымдарының әкімшілігіне келесі нормативтер ұсынылады *(6-кесте).*

№	Бақылау нысандары	Нормалар
1	Сабаққа қатысу, бақылау және талдау	- директордың орынбасарлары үшін айына кемінде 8 сабақ; - білім беру ұйымының директоры үшін айына кемінде 4 сабақ; - 1 сабаққа қатысу ұзақтығы – 45 минут.
2	Қысқа мерзімді және орта мерзімдіжоспарларды тексеру	мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес
3	Электронды сынып журналдарын тексеру	мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес
4	БЖБ және ТЖБ-ның жүргізілуін тексеру	мектептің бекітілген кестесі бойынша
5	Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы	мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес

6-кесте. Бақылау нысандарының нормалары

Сабақты бақылау, зерттеу мен талдау оқыту процесін жақсартудың, педагогтің кәсіби өсуі мен дамуының, білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізі болып табылады. Сабақтарды бақылау нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің отырыстарында жүйелі түрде талқылануы тиіс.

Сабақты талдау (ауызша жүргізілуі мүмкін) мыналарды көздейді:

– педагогтің сабақты өзіндік талдауы;

– сабақтың ұтымды және проблемалық тұстарын бөліп көрсету;

– педагогке ұсыныстар беру.

Педагогтердің бір-бірінің сабағына жүйелі түрде қатысуы ұсынылады. **Білім беру ұйымы әкімшілігінің сабаққа қатысу нәтижелері бақылау парақтарында, сабаққа қатысу журналында тіркеледі.**

Білім беру ұйымының әкімшілігі білімнің таңдамалы тақырыптық бақылау кесімдерін жүргізуді, білім алушылардың жазбаша жұмыстарын (эссе, диктант, мазмұндама және шығарма) тексеруді жоспарлайды.

Мектептердегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі төмендегі жағдайларға байланысты:

– сабақ кестелерінің оңтайлы жасалуы;

– тәрбие мен оқытудың тиімді әдістері мен түрлерін таңдау, оларды оқыту үдерісінде дұрыс үйлестіру және ұтымды пайдалану;

– сабақтың белгіленген мақсатқа сай неғұрлым тиімді құрылуының анықтау;

– оқу-тәрбие жұмысының сабақ үстіндегі және сабақтан тыс түрлерін дұрыс үйлестіру;

– білім алушылардың өзіндік жұмысы мен мұғалім басшылығымен атқаратын жұмысының ұтымды алмастырылуы;

– оқушылардың бойында білім алу және өздігінен оқып білу дағдыларын қалыптастыруға баса назар аудару;

– білім алушылардың білімі мен тәрбиелілік деңгейлері дамуының ғылыми диагностикасы;

– білім алушылардың білім, біліктерін ізгілікті педагогикалық ұстанымдарға негізделген жүйелі бақылау

Төмендегі кестеде оқу процесінің сапасын бақылау бөлімі үлгі ретінде ұсынылады (5-кесте).

7-кесте. Оқу процесінің сапасын бақылау бөлімінің үлгісі

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Оқу процесінің сапасын бақылау									
І тоқсан бойынша білім алушылардың білім сапасы, оқу үлгерімі қорытындысы	Тоқсандық қорытындыға мониторинг жүргізу	Сыныптардың тоқсандық қорытындысы	Тақырыптық	Талдау	Қараша	ДОТІЖО-лары	ПК	анықтама	ӘО
Жиынтық бағалау жұмыстарының қорытындысы	Білім алушылардың оқу жетістігінің нәтижесін бағалау	БЖБ, ТЖБ, білім алушылар	Тақырыптық	Талдау	Қараша	ДБТӘСІЖО	ПК	анықтама	ӘО
Білім алушылардың сабаққа қатысуы	Білім алушылардың сабаққа қатысуын зерделеу	Сыныптардың сабаққа қатысу журналдары, білім алушылар	Тақырыптық	Бақылау	Қараша	ДОТІЖО	ДЖК	анықтама	ӘО
Тереңдетілген сыныптардағы оқу мен оқыту үдерісін бақылау	Сабақ жүргізілу сапасын бағалау	Тереңдетілген сыныптар, білім алушылар, пән мұғалімдері	Тақырыптық	білімді тексеру	Қаңтар	ДОТІЖО	ДЖК №6	анықтама	ӘО

11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық деңгейін зерделеу	11 – сынып білімалушыларының аттестаттауға дайындығы	11-сынып білім алушылары, пән мұғалімдері	Тақырыптық	Бақылау, талдау	Қаңтар	ДОТІЖО	ДЖК №6	анықтама	ӘО
Үйде оқытылатын балалармен өткізілетін сабақтардың сапасы және бағдарламалардың орындалуы	Сабақтардың сапалы ұйымдастырылуы	Үйде оқытылатын балалармен өткізілетін сабақтар, білім алушылар	Тақырыптық	Сұқбат, бақылау	Ақпан	ДОТІЖО-лары	ДЖК №	анықтама	ӘО
9-сыныптардағы үлгерімнің және кәсіпке бағдарлау жұмысының жағдайы.	9-сынып білім алушыларымен ұйымдастырылған жұмыс сапасы	Оқу үлгерімі, кездесулер, іс-шаралар	Тақырыптық	Білімді тексеру	Наурыз	ДОТІЖО, ДБТӘСІЖО, Мектеп психологы	ДЖК №	анықтама	ӘО
Оқу жетістігі төмен білім алушыларды анықтау, жұмыс жоспарын құру	Оқу жетістігі төмен білім алушыларды қолдау	2-11 сынып білім алушыларының тоқсандық үлгерімі	Тақырыптық	Бақылау, талдау	Наурыз	Директор, ДОТІЖО, психологтар	педконсилиум	анықтама	ӘО

4. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау.

Мектеп әкімшілігі мен педагогтер білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау, олардың орнын толықтыру жұмысын жүйелі түрде жүргізуі маңызды. ***Оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне әкімшілік бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.*** Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленеді. Мектеп әкімшілігі немесе әдістемелік бірлестік жетекшілері педагогтердің олқылықтарды толтыру бойынша жұмыс жоспарын бақылау жүргізеді және орындалуын қадағалайды.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері:

1) пәннің оқу бағдарламасы бойынша біліміндегі олқылықтар;

2) оқу-танымдық іс-әрекетіндегі олқылықтар;

3) оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі;

4) эмоционалды қолайсыздық.

Педагог оқушылардың білім алу қажеттіліктерін және жеке даму жолын ескере отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмін дербес әзірлейді. Мысалы:

– өткен және ағымдағы оқу жылдарындағы оқу пәні сабақтарының тақырыптарын, оқу мақсаттарын кіріктіру;

– пәндер бойынша өткен оқу жылының материалдарын жаңа оқу жылыныңбарлық кезеңіне бөлу;

– жаңа тақырыптарды және оқу мақсаттарын меңгертуге дейін бұрынғы оқуматериалдарын қайталау;

– білім алушыларға қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша сабақтар өткізу;

– білім алушыларға күрделі тақырыптар/оқу мақсаттары бойынша жеке және топпен консультациялар өткізу.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау алгоритмі:

1) бірнеше педагогтің сабақтарды, оқыту процесін бірлесіп жоспарлауы (олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқу материалын қайталау, бекіту, оқу тапсырмаларының минимумын орындау, қателерді талдау және жою бойынша оқу әрекетін реттеу және т.б.);

2) оқу іс-әрекеті барысында қолдау көрсету және кеңес беру;

3) бірінші сыныптың білім алушылары мен осал топтың балаларын психологиялық бейімдеуді қамтамасыз ету;

4) оқу іс-әрекетін ынталандыру (көтермелеу, табысты жағдаяттарды туғызу, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.).

5) оқушының оқу іс-әрекетінің және оқу жетістіктерінің мониторингі (білім алушыларға жүйелі сауалнама жүргізу, оқу тапсырмаларының орындалуын тексеру, кері байланыс, өзін-өзі бағалауда белсенділікті арттыру және т.б.);

6) қосымша сабақтарды және өзара көмек беруді ұйымдастыру;

7) білім алушыға қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс;

8) өздігінен орындайтын тапсырмалар үшін қашықтан оқыту жүйесін пайдалану.

мектеп әкімшілігі:

– сабақтан тыс уақытта сабақта олқылықтарды жою жұмыстарын бақылау;

– мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің күнделіктермен жұмысы;

– білім алушымен жеке жұмыс дәптерлерін бақылау;

– әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысын бақылау.

сынып жетекшісі:

– сынып журналы бойынша білім алушылардың үлгерімін уақытылы бақылау ;

– ата-аналарды уақтылы хабардар ету;

– сабаққа қатысуды бақылау;

– оқыту үшін қажетті жағдайларды жасау бойынша ата-аналармен жұмыс.

педагогке:

– білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;

– жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;

– жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;

– жүйелі кері байланысты ұйымдастыру ұсынылады.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты ұйымдастыруда оқу жылының басында оқу пәндері бойынша өткен оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шаралар жыл бойы жүргізілуі тиіс. Соған байланысты пән мұғалімдеріне үлгерімі төмен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмысының бірнеше кезеңдері ұсынылады:

1. Кешенді диагностикалық жұмыс жүргізу;

2. Жұмысты жоспарлау;

3. Жүзеге асыру;

4. Мониторинг жүргізу;

Диагностикалық жұмыс

1) Пән бойынша өткен оқу жылдарының оқу бағдарламасындағы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша диагностикалық бақылау жұмысы жүргізіледі. Ол үшін алдымен күрделі деген оқу мақсаттарын іріктеп алып, сол бойынша тапсырмалар әзірленеді.

2) Жүргізілген диагностикалық бақылау нәтижесі бойынша өткен оқу жылдарында оқытылған тақырыптар мен оқу мақсаттарынан білімінде олқылықтары бар білім алушылардың саны арқылы күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттары анықталады. Егер тапсырманы өз деңгейінде орындай алмаған білім алушылардың саны көп болса, онда сол оқу мақсаттары күрделі болып есептеледі.

Жоспарлау кезеңі.

Жаңа оқу жылында іске асырылатын оқу мақсаттарына өткен оқу жылдарының сәйкес келетін оқу мақсаттарын кіріктіре отырып, қысқа мерзімді сабақ жоспарларын құрастыруға болады. Ал сәйкес келмеген оқыту мақсаттары бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін жеке немесе топтық жұмыс жоспарларын әзірлеу ұсынылады.

Жүзеге асыру кезеңі.

Жаңа сабақты жоспарлаудың алдында өткен оқу жылдарындағы оқу мақсаттары бойынша білімінде олқылығы бар білім алушыларға алдын-ала тапсырмалар әзірленеді. Оқу мақсаттарын жаңа сабаққа кіріктіру мүмкін болмаған жағдайда ата-аналары немесе заңды өкілдерінің келісімімен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жаңа сабақтың алдында, каникул күндері (күзгі, қысқы, көктемгі), жазғы мектеп кезінде консультациялар/жеке консультациялар, қосымша сабақтар ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Мониторинг жүргізу кезеңі.

Бұл кезеңде пән бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында жүргізілген жұмыстарға әр тоқсанның соңында талдау жасалады. Сондай-ақ білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша қарастырылған оқу мақсаттарын формативті бағалауда, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын құрастыруда ескерген жөн.

Төмендегі кестеде білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау бөлімі үлгі ретінде ұсынылады (5-кесте).

8-кесте. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау бөлімінің үлгісі

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау									
Кіріс бақылауын жүргізу үшін материалды дайындау	Білімдегі олқылықтарды анықтау	2–11 сыныптар	Кешенді	Тест	қыркүйек	Пән мұғалімдері	ӘО	анықтама	мамыр
Олқылықтарды анықтау	Білім сапасын арттыру	2–11 сыныптар	Тақырыптық		үнемі	ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері	ӘО	мониторинг	Жыл ішінде
Сабақта өзіндік жұмысты ұйымдастыруда сараланған тәсілді қолдану	Оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша бар олқылықтарын жою	2–11 сыныптар	Тақырыптық		үнемі	ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері	ӘО	анықтама	Жыл ішінде
Оқу жетістігі төмен білім алушыларды анықтау, нәтижеге бағытталған жұмысты ұйымдастыру	Оқу жетістігі төмен білім алушыларды қолдау	2-11 сынып білім алушыларының тоқсандық үлгерімі	Тақырыптық	Бақылау, талдау	Қараша	Директор, ДОТІЖО-психологтар	ӘО	анықтама	Жыл ішінде

«Жазғы мектеп» жұмысының ұйымдастырылуы	Оқу пәндерінің оқытылу жағдайын бақылау, олқылықтардың анықталуы	2-11 сынып білім алушылары	Сыныптық-жалпылаушы	Кесте бойынша өтілуін бақылау	мамыр	Бірлестік жетекшісі, оқу ісінің орынбасары	ПК	Анықтама	мамыр
Демалыс мектебінің жұмысын ұйымдастыру	Білім олқылықтарын толтыру бойынша демалыс мектебінің жұмыс жоспарын зерттеу	кесте	Фронтальды	талдау	наурыз	ДОІЖО	ДЖО	Анықтама	тоқсан сайын
Оқытудағы олқылықтарды жою бойынша жұмысты бақылау	Балалардың оқу деңгейін ескере отырып, жұмыстың тиімді әдістері мен әдістерін таңдау	Пән мұғалімдері	Тақырыптық	Жеке бақылау	ай ішінде	ДОІЖО	ДЖО	Анықтама	тоқсан сайын

5. Оқу-зерттеу қызметі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығына сәйкес *жалпы орта білім берудің мақсаты – кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:*

1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану;
2) сын тұрғысынан ойлау;
3) зерттеу жұмыстарын жүргізу;
4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану;
6) топта және жеке жұмыс жасау білігі;
7) мәселелерді шешуі және шешім қабылдау.

Бұйрықта зерттеу және жобалау қызметінің маңыздылығы атап көрсетіледі. Мысалы, бұйрықтың 18-тармағында: *«Білім алушылардың жобалық және зерттеу іс-әрекеттерін дамытуда жүйелілікті қамтамасыз ету білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады».* Осылайша зерттеу және жобалау қызметі ҚР Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарымен реттеледі. Сондықтан мектептегі жобалау және зерттеу қызметі үдерістің қажетті және міндетті бөлігі болып табылады.

Мектеп әкімшілігі мектептің оқу-зерттеу жұмысының келесі жұмыс бағыттарының жағдайына талдау жасайды және бақылайды:

– жалпы білім беретін пәндердің республикалық ғылыми жоба жарысының барлық деңгейіне дайындық жұмыстарын бақылау және қатысуын қамтамасыз ету;

– жалпы білім беретін пәндердің республикалық олимпиадаларының барлық деңгейіне дайындық жұмыстарын бақылау және қатысуын қамтамасыз ету;

– дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру;

– әдістемелік бірлестіктердің апталықтарын ұйымдастыру;

– оқу-танымдық қызметке жоғары мотивациясы бар білім алушылармен жұмыс және т.б.

Төмендегі кестеде оқу-зерттеу қызметін бақылау бөлімі үлгі ретінде ұсынылған (9-кесте)

9-кесте. Оқу-зерттеу қызметін бақылау бөлімінің үлгісі

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Оқу-зерттеу қызметі									
Жалпы білім беретін пәндердің республикалық ғылыми жоба жарысының қалалық деңгейіне өткізілген жұмыстар	Тізімді бекіту	Білім алушылар, зерттеу жұмыстары	Тақырыптық	Құжаттарды тексеру	Тамыз	ДҒӘЖЖО, ғылыми жетекшілер	ӘК	Тізім	Қаңтар ӘК
5 -сынып білім алушыларының бейімделу кезеңінде көмек, психологиялық ортаны зерттеу қорытындысы	5-сынып білім алушыларының жаңартылған білім беру мазмұнына бейімделуін бақылау	Білім алушылар, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Тақырыптық	Бақылау, білімді тексеру	Қазан	ДОТІЖО-лары, психолог	ДЖК	анықтама	ӘО
5-11 сынып білім алушыларының ғылыми жоба байқауының қорытындысы	Ғылыми жоба байқауын өткізу, қалалық байқауға қатысатындарды анықтау	Білім алушылар, ғылыми жетекшілер	Тақырыптық	Білімді тексеру, құжатты тексеру	Сәуір	ДҒӘЖЖО, Бірлестік жетекшілері	ӘК	анықтама	ӘО
Мемлекеттік емтиханға дайындау бойынша пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің	9, 11 сынып мұғалімдерінің жұмыс жүйесін бағалау	9,11 сынып білім алушыларының сабақтары	Тақырыптық	Талдау	Сәуір	ДОТІЖО	ДЖК	анықтама	ӘО

жұмыс жүйесін зерделеу									
Оқу-танымдық қызметке жоғары мотивациясы бар білім алушылармен жұмыс («Алтын белгіге», үздік аттестатқа үміткерлер)	Оқу жетістіктерін үнемі бақылау	9, 11 сынып білім алушыларының тоқсандық қорытындысы	Тақырыптық	Бақылау, білімді тексеру	Қараша	ДОТІЖО	ПК	анықтама	ӘО
Қалалық олимпиада, ғылыми жоба байқауларының қорытындысы, мониторингі, алдағы міндеттер	Мониторинг жүргізу, алдағы міндеттерді айқындау	Дарынды оқушылар, пән мұғалімдері	Тақырыптық	Талдау	Желтоқсан	ДҒӘЖЖО	ӘК	анықтама	Қаңтар
1-сыныптардың мектепке бейімделуі, сауалнама жүргізу	1-сынып білім алушыларының ортаға бейімделуін бақылау	сауалнама, білім алушылар, сынып жетекшілер	Тақырыптық	Бақылау, білімді тексеру	Желтоқсан	Мектеп психологы	ДЖК	анықтама	ӘО

6. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау.

Білім беру ұйымдарында педагогтердің біліктілігін арттырудың мектепішілік жүйесін қалыптастыратын тиімді түрлері: *мектептегі әдістемелік жұмыстар, озық тәжірибелі мектептер, тренингтер, семинарлар ғылыми-теориялық конференциялар, педагогтердің біліктілігін көтеруі, жас педагогтерге көмек көрсетуді ұйымдастыру.* Бұл жүйе үздіксіз білім мен дайындықтың теориялық және әдістемелік деңгейін талапқа сай етіп, мектепішілік жеке тәжірибелерін қалыптастырудың және педагогикалық жаңалықтарды апробациялаудың негізгі звеносы болуы мүмкін. Біліктілігін арттыруда қызметкерлерге қолдау көрсететін, кеңестер беретін, кәсіптік өсудің мүмкіндіктері мен жолдары туралы айтатын мектеп директоры мен орынбасарларының, әдістемелік бірлестік жетекшілерінің рөлі ерекше.

Біліктілікті мектепішілік жетілдірудің мақсаты:

- педагогтердің білім қажеттіліктерін есепке алу негізінде мектеп жүйесінің педагог мамандарының кәсіби құзыреттілектерін жетілдіру;
- педагогтерді біліктілік санаттарын алуға дайындау.

Біліктілікті мектепішілік жетілдірудің міндеттері:

1. Әдістемелік қиындықтарды диагностикалау арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілектерін зерделеу;
2. Педагогтердің білім қажеттілігін анықтау негізінде олардың біліктілігін жетілдірудің әдістерін, формаларын, мазмұнын және құралдарын әзірлеу;
3. Педагогикалық қауымдастыққа арналған курстық және ашық әдістемелік іс-шаралар сапасына мониторинг жасау арқылы біліктілікті жетілдірудің тиімділігіне баға беру;
4. Педагогтердің біліктілігін жетілдірудің динамикасын бақылау;
5. Педагогтердің біліктілігін жетілдіру процесін алға жүргізу үшін ғылыми-әдістемелік, ақпараттық және психологиялық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;
6. Мектептің білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша тәжірибені жинақтау, жүйелеу және тарату.

Біліктілікті мектепішілік жетілдірудің формалары:

Мектептегі әдістемелік жұмыс. Жекелеген пәндер, бағдарламаның нақты тақырыптары бойынша педагогикалық кеңестің шешімдерін жүзеге асыру бойынша мектепте пәндік әдістемелік бірлестіктер жұмыс істейді. Оқытылатын ғылым саласының жаңа зерттеулерінің нәтижелерімен, жұмыстың әдістемелік тәсілдерімен танысу, оқытудың техникалық құралдарын зерделеу, педагогтердің іс-тәжірибелерінің нәтижелері туралы баяндамалары мен хабарламаларын тыңдау пайдалы болып табылады. Оқу процесіне қойылатын заманауи талаптар және қажетті теориялық негіз тұрғысынан педагогтер үшін жақсы мектеп болып табылады.

Мастер-кластар мен ашық сабақтар. Тәжірибелі педагогтермен оқу бағдарламасының әдістемелік жағынан қиын және аз қамтылған бөлімдерін талдауға, сонымен қатар, оқу-тәрбие жұмыстарының тиімді жақтарын көрсету және тарату мақсатында ұйымдастырылады. Мұндай сабақтар педагогика ғылымдарының жетістіктерін тәжірибеге енгізуге, педагогикалық тәжірибелерді таратуға, педагогтердің біліктілігін арттыруға көмектеседі. Ашық сабақтар тәжірибе алмасуда және біліктілікті арттыруда маңызды құрал болып табылады.

Озық тәжірибелі мектептер. Мұндай мектептің шебер-ұстазына, басшысына қалауына қарай сол мамандықтан көмекті қажет ететін бірнеше педагог бекітіледі. Сабақтарды бақылау кезінде олар жетекшісінің әдіс-тәсілдерімен танысады, тақырыптық жоспарларды бірге құрады, жекелеген мәселелер бойынша әдебиеттер оқиды, бір-бірінің сабақтарына қатысып, оны талдайды, жұмыстың тиімділігі үшін бағалы жақтарын таңдап, бекітеді.Мұндай шығармашылық ынтымақтастық тек бекітілген мұғалімнің ғана емес, мектеп басшысының да жұмысын арттыруға көмектеседі. Топтар озық тәжірибелерді жүйелейді, қорытындылайды, таратады. Бірлесе отырып, жұмыстың әдістері мен тәсілдерін жасап, тәжірибеге енгізеді. Топтың жұмысы аталған және басқа мәселелерді зерттейтін әдебиеттерді оқумен басталады, әртүрлі мұғалімдердің сабағына қатысып, белгілі бір болжам шығарады, кейін тәжірибеде тексеріліп, қажетті деңгейге жеткізілетін ұсыныстар беріледі. Топтар шығармашылық жұмыс жасап, оқу үдерісіне белсене қатысады. Өзіндік жұмыстарда педагогикалық шеберлік белсенді түрде қалыптасады. Топтың жұмысы басшылықтың терең қызығушылығы мен мектептің ұжымында ыңғайлы шығармашылық жағдай жасағанда, бұл топтарға жаңа мұғалімдерді тартады.

Практикумдар. Білімін өздігінен көтеру формаларының бірі – практикумдар. Пән мұғалімдері оқу жылының басында және соңында сыныптар бойынша тақырыптары, тапсырмалары (қандай есептер шығарады, қандай тәжірибе дайындау керек, қандай әдебиеттер оқу қажет және т.б.), әрбір тақырыпқа ұсынылатын әдебиеттер тізімі көрсетілген практикумның жұмыс жоспарын алады. Материалдарды әдістемелік бірлестіктің немесе мектеп әдіскерінің тапсырмасымен тәжірибелі мұғалімдер дайындайды. Жоспарда жеке тақырыптар бойынша дайындық мерзімдері (сыныптарда бір – бір жарым ай бұрын) көрсетіледі. Практикумның секциялық отырысы мектепте айына бір рет өткізіледі. Әдетте әдіскер немесе мұғалім шағын дәріс оқиды, одан соң бір- екі қиын есептер шығарылады, тақырыптық жоспарлар мен жұмыс әдісі талқыланады. Тақырып бойынша оқыту процесінде ашық сабақтар өткізіледі. Тапсырмалар алғаннан кейін мұғалімдер алдағы сабақтарға өздігінен дайындалады. Жүктеменің шамадан тыс болмауы үшін әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері практикумдарға арналған тақырыптарды мұқият іріктеп алады.

«Жас педагог мектебі» жаңа бастаған педагогтердің жоғары кәсіби мұраттарын, үнемі жетілдіруге және өздігінен дамудағы қажеттіліктерін қалыптастыру мақсатында ұстаздардың біліктілігін арттыру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогтің кәсіби қалыптасуы, оның кәсіби қызметіндегі өздігінен жетілдірілу мүмкіндігі ауқымды болған сайын табыстырақ өтеді. Осыған байланысты мектептегі оқытудың негізгі түрлері интерактивті нысандар болып отыр: интерактивті дәрістер, шебер-сыныптар, рөлдік ойындар, психологиялық тренингтер, сабақтар мен педагогикалық жағдайларды модельдеу, шығармашылық есептер, ашық сабақтар, әдістемелік әзірлемелерді қорғау.

Педагогтердің білімдерін өздігінен көтеруі. Біліктілікті арттыру бойынша жұмыстың ұжымдық формаларын және мұғалімдердің идеялық-теориялық деңгейін білімді өздігінен көтеруде біріктіру қажет. Жұмыстардың ұжымдық және тұлғалық түрлерінің үйлестігінде ғана, әр мұғалімнің біліктілігін арттыру мен ой-өрісін үнемі кеңейту проблемасының шешімі табылады. Жаңа бағдарламалар мен оқулықтарды зерделеу, олардың ерекшеліктері мен талаптарын түсіну; қосымша ғылыми материалдарды зерделеу; есептер шығару бойынша өзіндік жұмыстар жүргізу, зертханалық және практикалық жұмыстар, тәжірибелер мен жаттығулар ұйымдастыру; оқытудың техникалық құралдарын меңгеру пән бойынша өздігінен білімін көтеру жұмысының маңызды бағыттары болып табылады. Әдістеме саласында саралап оқыту тәсілдеріне, оқушылардың ойлау әрекетіне, өзіне-өзі қызмет ету қабілетінің, тәжірибелік дағдыларының дамуына және өз пәні бойынша сабақ барысында және сабақтан тыс әрекеттеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Егер өздігінен білімін көтеру мақсатқа бағытталған, жоспарлы және жүйелі болса, онда ол оң нәтижелер беруі сөзсіз.

«Тәлімгер мектебі». Жас маман үшін жаңа іс-әрекетке ену, барлық ішкі ресурстардың жұмылдырылуын талап ететін жоғары эмоциялық шиеленіспен өтеді. Бұл стратегиялық міндетті шешуде, жас ұстаздың өздігінен жетілуге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі танытуға ынтасын қалыптастыру, жас ұстаздың кәсіби қалыптасуы процесін оңтайландыратын икемді де ұтқыр тәлімгерлік жүйесін құру көмектеседі. Бұл жүйеде, жас маманның кәсіби құзыреттілегін арттыратын, оған жұмыс орнында практикалық және теориялық көмек көрсетуге дайын тәжірибелі педагог-тәлімгердің қолдауын алып отыру қажеттілігі көрсетілген.

Тәлімгердің міндеті – жас ұстаздың өзін танытуына, жеке тұлғалық қасиеттерін, коммуникативтік және басқарушылық біліктерін дамытуға көмектесу. Бірақ тәлімгерді тағайындау кезінде мектеп әкімшілігі, тәлімгерлік – ол, еріктілік принципіне негізделген қоғамдық тапсырма екенін және келесілерді ескеруі тиіс: педагог-тәлімгер жоғары кәсіби қасиеттерге, коммуникативтік қабілеттерге ие, ұжымдағы әріптестерінің, оқушылардың, ата-аналардың алдында беделді болуы тиіс. Бірлескен жұмыста тәлімгер мен жас маманның екіжақты келісімі болғаны дұрыс.

Жас ұстаз кәсіби қызметке кіріскен кезде, ол әрине қолдауды қажет етеді.

Сондықтан тәлімгер жас маманның назарын мыналарға аудартуы қажет:

- оқу процесін ұйымдастыруға арналған талаптарға;
- мектеп құжаттамаларын жүргізу талаптарына;
- оқушылардың бос уақытын, сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру нысандары мен әдістеріне;
- ОТҚ (қауіпсіздік техникасы, практикалық іс-әрекетте пайдалану мүмкіндігі ережелерімен таныстыру);
- дидактикалық, көрнекі және басқа да материалдарды пайдалану тетігіне (тапсырыс немесе сатып алу).

Жас педагогтарды қолдауды қамтамасыз ету:

- педагогикалық қызмет негіздерін тәжірибелік және теориялық қорыту (дайындық, сабақтың өткізілуі мен талдануы, оқыту әдістері мен тәсілдері, формалары, сабақты басқару негіздері т.б.);
- жеке кәсіби өсудің бағдарламаларын жасау;
- өз білімін көтерудің басымдық әдістемелік тақырыптарын таңдау;
- біліктілікті арттырудың алғашқы дайындығы;
- отандық педагогика мен білім берудің инновациялық тенденцияларын меңгеру;
- біліктілікті арттыру немесе бекіту үшін кезекті аттестацияға дайындау;
- зерттеу-жобалау жұмыстарына, тәжірибелік-эксперименталдық және басқа ғылыми жұмыстарға қатысу;

Төмендегі кестеде мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау үлгі ретінде ұсынылған (9-кесте)

10-кесте. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау бөлімінің үлгісі

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау									
Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру	Негізгі жұмыс бағытын айқындау	Оқу-әдістемелік, тәрбие жұмыстары	Тақырыптық	Талдау	Тамыз	ДҒӘЖЖО, ДОТІЖО, ДТЖЖО	ӘК	анықтама	үнемі
Аттестатталатын педагогтардың сабақтарына қатысу	Оқыту деңгейін бақылау	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдер	Фронтальды	Бақылау	Желтоқсан	ДҒӘЖЖО, ДОТІЖО, ДТЖЖО	ДЖО	Анықтама	ӘО
Жас мамандарға тәлімгерлерді тағайындау	Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасау	Жас мамандар	Тақырыптық	Бақылау	қыркүйек	ДҒӘЖЖО	ӘК	анықтама	ӘК
«Үздік педагог - 2022» байқауына ұсыну	Шығармашыл мұғалімдерді қолдау		Тақырыптық	Бақылау	Наурыз	ДҒӘЖЖО, әдістемелік кеңес мүшелері	ӘК	анықтама	ӘО
Мұғалімдердің кәсіптік деңгейінің диагностика қорытындысы	Мұғалімдер жұмысына диагностика жүргізу	Пән мұғалімдері	Тақырыптық	Талдау	Мамыр	ДҒӘЖЖО	ПК	анықтама	ӘО

Жас мамандармен жүргізілген тәлімгерлердің есебі	Тәлімгерлер жұмысының есебін тыңдау	Тәлімгер жұмысы	Тақырыптық	Талдау	Мамыр	ДҒӘЖЖО, тәлімгерлер	ПК	есеп	ӘК
Бірлестік жетекшілерінің, кәсіби қоғамдастықтың есебі	Жылдық жұмыстарға сараптама жасау	Жылдық жоспардың орындалуы	Тақырыптық	Талдау	Мамыр	ДҒӘЖЖО, Бірлестік жетекшілері, кәсіби қоғамдастық жетекшісі	ӘК	есеп	ӘК
Педагогтердің курстық дайындығын ұйымдастыру	Педагогтің кәсіби шеберлігін жетілдіру	Пән мұғалімдері	Тікелей	Курстық даярлықтан өтуге өтінімдер беру	Ай сайын	ДҒӘЖЖО	ӘК	жоспар	Ай сайын

7. Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау.

Мектептің тәрбие жүйесі білім беру процесіне қатысушылармен жасалады. Әрбір мектеп жергілікті қоғамдастықтағы рөлін ескере отырып, өзінің миссиясы мен даму стратегиясын айқындайды, сонымен қатар, тәрбие жұмысының жоспарын әзірлейді. Жоспар білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін, мектеп орналасқан аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктерін көрсетуі тиіс жүйені құрайтын іс-шаралар төңірегінде құрылады.

Тәрбиелік іс-шара дегеніміз бұл – оқушылар қызметін ұйымдастырудың оперативті, уақытша, модификацияларының алуан түрі бар амал, ол олардың қарым-қатынастары мен қоршаған ортасының белгілі жүйесін түзуге, мектеп оқушысының жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Директордың тәрбие жұмысына жетекшілік ететін орынбасары педагогтармен, ата-аналармен, білім алушылармен, мектеп серіктестерімен тиімді ынтымақтастық құрады, білім алушылардың оқудан тыс қызметін және кәсіптік бағдарлануын ұйымдастыруды үйлестіреді. Сонымен қатар, ол сынып жетекшілерінің қызметін үйлестіреді, мониторинг жүргізеді, әдістемелік қолдау көрсетеді және сапалы кері байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ сынып жетекшілеріне апта, ай және жылға арналған тәрбие жұмысының жоспарын әзірлеуге көмектеседі.

Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастырудың құрамдас бөлігі жалпы мектептік іс-шаралар болып табылады. Жалпы мектептік іс-шаралардың идеялық-құндылық мазмұны білім алушылардың қажеттіліктеріне, мектептің ерекшеліктеріне, сондай-ақ мемлекеттік саясат қағидаттарына бағдарланады. Жалпы мектептік іс-шараларды өткізу кезінде мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды насихаттау маңызды.

Қазіргі уақытта «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы, мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастығы оқудан тыс қызметті ұйымдастырудың табысты нысандары болып табылады.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. *Сабақтан тыс қызмет шеңберінде мынадай жобалар іске асырылуы мүмкін:*

1) «Отбасы-орта мектеп»,

2) «Оқуға құштар мектеп»,

3) «Еңбек – елдің мұраты»,

4) «Ерте жастан экологиялық мәдениет»,

5) «Қоғамға қызмет»,

6) «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру».

Осы жобаларды іске асыру білім алушылардың тәрбиелік, өмірлік кеңістігінің әлеуетін кеңейтуге, жеке тұлғаның өзекті қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Іс-шараның табысты өтуіндегі шарттардың бірі – сынып жетекшісінің барлық іске асырылып отырған өзгерістердің маңыздылығын ұғынуында, олардың өзінің әрекетін тәрбиелік процестің шеңберінде талдауы.

Педагогикалық талдауға ұмтылу жұмыс ерекшеліктерін, тәрбиелеу әдістерін, технологияларын жетілдіруге бағытталған кәсіби-педагогикалық ұстанымды көру қабілетін анықтайды. Өз әрекетін талдай білу, өз қызметінің қорытындыларын зерделеу, оның болашақ нәтижелерін болжай білу, олардың жетістіктері үшін нақты қадамдарды – жоғары кәсібилік көрсеткіштерін жоспарлай білу. Дұрыс жасалған талдау мен жоспар педагогтің тәрбие жұмысы мен сол жұмыс жүргізілетін білім алушылардың тәрбиелілік деңгейі арасындағы байланысты көруге ықпал етеді.

Тәрбиелік іс-шараларды талдауын жүйелі жүргізген дұрыс, себебі қол жеткізгендерге сүйене отырып, алға ойдағыдай жылжуға, ең үздіктерін нығайтып, кемшіліктерден арылу. Жүйелі талдау жұмысты жақсы ұйымдастыруға ықпал етеді, сынып жетекшісінің міндеттеріне барынша мұқият қарауды арттырады, оның қорытындылары мен нәтижелері ескерусіз қалмайды және бағаланады. Талдау – сондай-ақ қырағылыққа, өзіне-өзі сыни көзбен қарауға, талапшылдыққа, қоғамдық пікірлерді қалыптастыруға, сынға дұрыс қарауға, педагогикалық шеберлігін арттыруға тәрбиелеудің жақсы мектебі.

Тәрбиелік іс-шараны талдауда негізгі аспектілері ретінде мыналар қарастырылады:

– педагогтің қызметі мен тәрбиеленушілердің іс-қимылдарын талдау;
– қолданылатын нысандар мен әдістердің тиімділігі;
– қойылған мақсаттарды іске асыру;
– тәрбиелеуші мен тәрбиеленушілердің өзара қарым-қатынасы;
– педагог-тәрбиелеушінің кәсіпқойлығы.

Төмендегі кестеде тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс – шаралардың сапасын бақылау бөлімі үлгі ретінде ұсынылған (9-кесте)

Тәрбие іс-шарасын талдау схемасы

(алгоритмдік нұсқама)

Талдаудың негізгі параметрлері	Тиімділіктің негізгі критерийлері
1. Іс-шаралар тақырыбы және мақсаттары	Тақырып пен мақсаттардың өзектілігі (оқушылардың жас ерекшелігі мен тәрбие деңгейлеріне, олардың даму перспективасына сәйкестігі)
2. Іс-шаралар мазмұны	Мақсаттылық, қол жетімділік, жаңашылдық, эмоционалдық, тиімділік пен рационалдылақтың тиімді қатынасы.
3.Нысан	Осы нысанды қолданудағы орындылық, іс-шара нысанының оның мазмұнына, оқушылардың жасына, таңдап алынған нысанға қойылатын негізгі талаптарға сәйкестігі.
4.Іс-шараның құрылымы:	
- Басы	Оқушылардың формасы, іс-шараға қатысуға , оны қабылдауға психологиялық дайындық.
- Негізгі бөлім	Мазмұнның құрама элементтерінің логикалық бірізділігі және олардың әрқайсысының мақсаттылығы
- Қорытынды	Оқушылардың мінез-құлықтарында қоғамдық-әлеуметтік маңызды мотивтерін қалыптастыру және іс-шараның негізгі мақсатына сәйкестікті анықтау.
5.Балалардың мінез-құлқы	Белсенділік, зейінділік, қызығушылық, тәртіптілік және оқушылардың іс-шараға қатысу дайындығының деңгейі.
6.Ересектердің мінез-құлқы	Тәрбиелеушінің эмоционалды жағадайы. Сөйлеуінің сауаттылығы, эмоционалдылығы және тартымдылығы. Тәрбиелеушінің ұйымдастырушылық қасиеттері. Балалар аудиториясын өзіне қарата білуі (зейінді шоғырландыру, тәртіпті талап ету, қызығушылық тудыру, қажетті психологиялық көңіл-күй тудыра білу, тапқырлық, реакция жылдамдығы және т.с.с.). Тәрбиелеушінің ісшараға жеткілікті кәсіптік дайындығының деңгейінің жеткіліктігі (проблемаларды түсіну үшін терең білімінің бар болуы, оларды тиімді шешудің жолдарын таба білуі).
7.Әдістердің сипаттары	Оларды қолдану орындылығы және қолдана білу. О.Т.Қ., көрнекілігі, атрибуттары. Іс-шараның міндеттеріне, мазмұнына, оқушылардың тәрбие деңгейі мен жасына сәйкестік.
8.Ұйымдастыру	Іс-шараның құрылымының барлық негізгі элементтерінің дәлдігі және ұйымдастырылулығы. Орындылығы, көрнекі эстетикалық ресімделуі. Іс-шараның тиімді ұзақтылығы. Алдын-ала ойластырылған бағдарламаға іс-шара барысының сәйкестілігі. Іс-шараға қатысушылардың арасындағы өзара міндеттердің нақты бөлінуі
9.Жалпы қорытындылар	Қойылған міндеттерді тиімді шешілуі.

11-кесте. Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау бөлімінің үлгісі

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау									
Тәрбие жұмысын жоспарлау бойынша ұсынымдарды орындау	Құжаттаманың 2021-2022 оқу жылына арналған ӘНХ бірыңғай талаптары мен ұсынымдарына сәйкестігі	Тәрбие жұмысының жоспары сынып жетекшілер	Тақырыптық	Құжаттарды тексеру	Тамыз	ДТЖЖО Сынып жетекшілер	семинар	Жоспар	қаңтар
«Оқуға құштар мектеп» жобасының орындалуы	«100 кітап» оқу жобасының орындалуы	білім алушылар, кітапхана	Тақырыптық	Бақылау	Қаңтар	ДТЖЖО, кітапханашы	ПК	анықтама	ӘО
Мектепішілік «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы	Жұмыс жүргізілуін бақылау	Жоспарға сәйкес іс-шаралар	Тақырыптық	Бақылау	Қаңтар	ДТЖЖО, тәлімгер	ДЖК	анықтама	ӘО
2021 жылғы құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәрбие беру жұмыстарының қорытындысы	Білім алушыларда құқықтық сананың қалыптасуын бағалау	Тәрбие сағаттары, іс-шаралар	Тақырыптық	Талдау	Қаңтар	ДҚТІЖО	ПК	анықтама	ДЖК

Ата-аналар комитетінің жұмыс рейтингісінің қорытындысы	Ата-аналар комитетінің жұмысына рейтинг жүргізу	1-11 сынып ата-аналар комитеті	Тақырыптық	Талдау	Мамыр	ДТЖЖО	ПК	анықтама	ӘО
Білім алушыларды жетістікке бағыттау іс-шараларындағы үйірме жұмысының, таңдау курстарының жүргізілу сапасы	Үйірме жұмыстарының, таңдау курстарының сапасын бағалау	Үйірме сабақтары, таңдау курстары, жетекші, білім алушылар	Тақырыптық	Бақылау	Желтоқсан	ДТЖЖО, ДОТІЖО, ДҒӘЖЖО	ДЖК	анықтама	ӘО
Білім алушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау рейтингісі	Білім алушылардың тәрбиелік деңгейін диагностикалау	1-11 сынып білім алушылары, сынып жетекшілері	Тақырыптық	Бақылау, талдау	Қараша	ДТЖЖО	ПК	анықтама	ӘО
Сынып сағаттарына қатысу	Сынып сағаттарын өткізу мониторингі	Сынып сағаттары	Фронтальды	Тікелей бақылау	Қараша	ДТЖЖО	ДЖО	анықтама	ӘО

8. Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау.

Білім саласындағы қазіргі тенденциялар мен міндеттер оның әр деңгейлері бойынша материалдық базасын жаңарту мен нығайтуды талап етіп отыр. Оқушылардың сапалы білім алуы үшін мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі маңызды. Басты мақсат білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту негізінде жаңа білім беру технологияларын енгізу жолымен білім сапасын көтеру болып табылады.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға әсер етеді:

– мектептің заманауи материалдық-техникалық базасын құру;

– оқу-тәрбие процесінде заманауи материалдық-техникалық құралдарды қолданудың ұтымды ғылыми-негізделген технологиясын әзірлеу;

– материалдық-техникалық құралдарды қолдану бойынша оқу орнының педагогы мен әкімшісінің қызметін жетілдіру.

Мектеп әкімшілігі мектептің материалдық-техникалық базасының келесі жұмыс бағыттарының жағдайына талдау жасайды және бақылайды:

– мектепті жаңа оқу жылына дайындау;
– материалдық – техникалық базаны толықтыру;
– өрт және электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
– санитарлық – гигиеналық-талаптар мен нормалардың сақталуы;
– медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
– тамақтануды ұйымдастыру;
– мектеп мүліктеріне есеп жүргізу және сақталуын қамтамасыз ету;
– мектеп ауласын көгалдандыру, көркейту жұмыстары;
– ағымдағы және күрделі жөндеу құжаттарын дайындау;
– оқу кабинеттері мен бөлмелердің оқу материалдық базасын жетілдіру;

– зертханалық, саламандық жұмыстарды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау және т.б.

Материалдық-техникалық база – білім беру ұйымының жұмыс істеуі мен дамуының қажетті шарты. Мектепте білім беру процесін заманауи компьютерлік жабдықтармен қамтамасыз етуге, сондай-ақ АКТ-ны игеруге және пайдалануға ерекше назар аударылады.

Мектептің материалдық базасын дамыту деңгейі оқу сапасына ғана емес, оқушылардың денсаулығына да айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан ол Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметі әзірлеген қатаң талаптарға сай болуы тиіс.

Мектептегі білім беру процесін сәтті ұйымдастыру үшін мектеп директоры лайықты материалдық-техникалық базаны құруы керек. Мектепті интернетке шығатын заманауи компьютерлік желімен жарақтандыру; санитариялық-гигиеналық нормаларды, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы нормалардың талаптарын ескере отырып, компьютерлік сыныпты және мектептің басқа оқу кабинеттерін жабдықтау және т.б.

12-кесте. Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау бөлімінің үлгісі

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау									
Мектеп ғимаратының жаңа оқу жылына дайындығы	Оқу процесін қамтамасыз ету, техникалық қауіпсіздігі	Мектеп ғимараты, оқу кабинеттерінің материалдық базасы	Тақырыптық	Бақылау	Тамыз	ДШІЖО	ПК	Анықтама	Қараша, қаңтар, мамыр
Кабинеттердің санитариялық жай-күйін тексеру қорытындысы	Мектеп ғимаратында, кабинеттерде санитариялық жай-күйдің сақталуын бақылау	Ғимарат, оқу кабинеттері	Тақырыптық	Бақылау	Қазан	ДШІЖО	ДЖК	анықтама	ӘО
Өрт және электр қауіпсіздігі	Өрт және электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Мектеп ғимараты	Тақырыптық	Тікелей бақылау	Наурыз	Мектеп әкімшілігі, ДШІЖО	ДЖК	анықтама	Тоқсан сайын
Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Медициналық қызмет көрсетуді сапасын бақылау	Медициналық қызмет	Тақырыптық	Тікелей бақылау	Мамыр	Мектеп әкімшілігі, ДШІЖО	ДЖК	анықтама	ӘО

Санитарлық-гигиеналық режим және еңбектің қауіпсіздік ережесі	Оқу бөлмелері мен спорт бөлмесінің санитарлық жағдайға сай болуы, қауіпсіздік ереже бұрыштарын, стендтері болуын қадағалау.	Дәрісхана	Тақырыптық	Сыныптық-жалпылаушы бақылау	қараша	ДШІЖО, мектеп әкімшілігі, медбике	ДЖК	Хаттама, Анықтама	Тоқсан сайын
Тамақтануды ұйымдастыру	Ыстық тамақтану қызметінің сапасын бақылау	Асхана	Тақырыптық	Тікелей бақылау	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, ДШІЖО	ДЖК	анықтама	ай сайын

3. МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасының білім беру саясатының қағидаттарына сәйкес білім сапасын қамтамасыз ету үшін білім беруді мемлекеттік және қоғамдық басқару жүзеге асырылады. Үлкен тәуелсіздік жағдайында, мектептің өзіне көптеген құқықтар мен өкілеттіктерді беру кезінде, демек, оның жауапкершілігін арттыру кезінде мектепішілік басқарудың бақылау-диагностикалық функциясы мұғалім мен оқушының қызметін ынталандыру үшін ерекше орын алуы тиіс. Мектептегі әкімшілік және қоғамдық бақылаудың педагогикалық процестің әрбір қатысушысының өзін-өзі талдауы, өзін-өзі бақылауы және өзін-өзі бағалауымен үйлесуі мектеп жұмысына тән тәжірибе. Өзін-өзі басқару тәсіліне көшу барысында мектептің қызметін бағалау мектептің әдеттегі жұмысы, оның кәсіби қызметінің бір бөлігі болуы қажет.

Бүгінгі таңда мектепішілік бақылау келесі элементтерден тұратын күрделі әрекеттер жүйесі:

– зерттелетін мәселелер бойынша бақылау критерийлерін, дескрипторларды анықтау;

– қажетті ақпаратты жинау және талдау;

– құжаттаманы зерттеу (қатаң есептілік құжаттары, сабақ кестесі, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, элективті курстар мен үйірмелер бағдарламалары, қысқа мерзімді жоспарлар, ата-аналар жиналысының хаттамалары, күнделіктер, тәрбие, ғылыми-әдістемелік және инновациялық-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру жөніндегі құжаттар, білім алушылардың тамақтануы мен медициналық қызмет көрсетуін ұйымдастыру жөніндегі құжаттар және басқалар);

– бақылау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамалар жасау;

– анықталған проблемаларды шешу бойынша тиісті шараларды қамтамасыз ету.

Мектепішілік бақылау ***жоспарлық немесе оперативтік тексерулер, мониторинг, әкімшілік*** жұмыстарды жүргізу түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Жоспарлы тексерулер түріндегі мектепішілік бақылау бекітілген жоспар-графикке сәйкес жүзеге асырылады, ол мерзімдікті қамтамасыз етеді және тексерулерді ұйымдастырудағы тиімсіз қосарласуға мүмкіндік бермейді. Жоспар оқу жылының басында педагогикалық ұжым мүшелеріне ұсынылады.

Оперативтік тексерулер түріндегі мектепішілік бақылау бұзушылықтар фактілерін анықтау, оқушылар мен олардың ата-аналарынан немесе басқа азаматтар мен ұйымдардан түскен шағымдарда көрсетілген бұзушылықтар туралы мәліметтерді тексеру, сондай-ақ білім беру үдерісіне қатысушыларының арасындағы қақтығыстық жағдаяттарды реттеу мақсатында жүзеге асырылады.

Мониторинг түріндегі мектепішілік бақылау білім беру сапасын басқару міндеттерін (оқушылар денсаулығының жай-күйі, тамақтандыруды

ұйымдастыру, режимді орындау, атқарушылық тәртіп, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, педагогикалық шеберліктің диагностикасы және т. б.) тиімді шешу үшін білім үдерісінің нәтижелері мен ұйымдастыру туралы ақпаратқа талдау жасау және өңдеуді, жүйелік есепке алуды, жинауды қарастырады.

Әкімшілік жұмыс түріндегі мектепішілік бақылауды мектеп директоры немесе оның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары ағымдағы үлгерімге бақылау жасау шеңберіндегі оқытудың табыстылығын тексеру мақсатында және оқушыларды аралық аттестаттау мақсатымен жүзеге асырады.

Педагогикалық бақылау жүргізу кезінде бақылаушыларға келесі қағидаттарды ескеру қажет:

– білім беру ұйымындағы бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастырудың жүйелі тәсілін анықтайтын *бірыңғай әдістемелік жүйе*;

– *б*ақылау жүйесін жобалау кезіндегі *педагогикалық мақсаттарға басымдық беру* қағидаты. Бақылаудың түпкі мақсаты ақпарат жинау, стандарттарды белгілеу және проблемаларды анықтау емес, білім беру ұйымының әлеуметтік функциясының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

– білім беру ұйымы қызметінің барлық жақтарын бағалауды қамтамасыз ететін *кешенділік*. Орынсыз басқару механизмі маңызды ақпаратты көрсетуден гөрі бүркемелеп, кері әсерін тигізуі мүмкін;

– бақылаудың *дер кезінде жүзеге асырылуы* оның жиілігінде емес, бақыланатын нәрсеге қатысты уақыт аралығын дұрыс таңдауда болып табылады;

– бақылаудың *икемділігі*; бақылау сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерге сәйкес бейімделуі керек;

– бақылаудың *қарапайымдылығы*; бақылау қарастырылатын мәселенің күрделілігіне сәйкес болуы тиіс. Қарапайым бақылау тәсілдері көп күш жұмылдыруды қажет етпей, көп нәрсені үнемдеуге мүмкіндік береді;

– білім беру ұйымының басшылары мен қызметкерлерін, сондай-ақ, оқушыларды, олардың ата-аналарын және басқа да мүдделі тараптарды бақылау нәтижелері туралы хабардар етуді қамтитын бақылау нәтижелерінің *қолжетімділігі*.

Сабақты талдау бойынша ұсыныстар

1. Барлық мұғалімдерге біртектес, бірдей ұсыныстар беруге болмайды. Бір мұғалімге берілген ұсыныс екінші мұғалімге ұнамай қалуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

2. Кез келген ұсыныс, ең алдымен, мұғалімнің жетістіктеріне, оның күшті жақтарына байланысты болуы керек.

3. Сабақты шығармашылық жоспарлауға көңіл бөлу керек, мұғалімнің әдіс-тәсілдерін, сабақтарды ойдағыдай өткізуге мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдерді қолдануға ынталандыру қажет.

4. Мұғалімнің сабақ процесін басқарудағы құзыреттілік деңгейі қаншалықты жоғары, таңдалған әдіс-тәсілдер қаншалықты тиімді, олар оқу мақсатына жетуге бағытталған? Сабақта орындалған әрекеттердің

қаншалықты мақсатқа сай болғанын, таңдалған тәсілдерді, топтық және жұптық тапсырмаларды өз бетінше орындағанын бағалау қажет.

5. Мұғалімге арнап айтылған түсініктемелер мен ұсыныстар нақты, түсінікті және жүйелі болуы керек.

Мектепішілік бақылауды жетілдіре отырып, мыналарды есте ұстаған жөн:

– бақылаудың түпкілікті нәтижелердің сапасына және оларға қол жеткізудің ұтымды жолдарына бағытталуы;

– мектеп жұмысын бақылауды дербестендіру (әдістемелік бірлестіктерге, тәжірибелі мамандарға және т. б. өкілеттіктерді беру) және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін әрқайсысының жауапкершілігін арттыру; мектеп басшыларының түпкілікті нәтижелерді қадағалауымен ұштастыра отырып, жекелеген педагогтердің өзін-өзі бақылауға және өзін-өзі бағалауға көшуін ынталандыру;

– әрбір мектепте тұрақтандыруды қамтамасыз ететін барлық құрамдас бөліктерді бақылауды қамтуды, мектепті дамыту режиміне көшіруді немесе оның осы режимде жұмыс істеуін қамтамасыз ететін мектепішілік бақылау жүйесін құру;

– тексерудің мақсаты, теориялық тәсілдері, бағалау параметрлері, бақылау бағдарламасы және нәтижелерді өңдеу әдістемесі нақты тұжырымдалатын ақпаратты жинаудың ғылыми негізделген бағдарламаларын әзірлеу және үнемі жинақтау.

Педагогикалық менеджмент тұрғысынан Ю.А. Конаржевский «Менеджмент және мектепішілік басқару» (2000) еңбегінде басқарудың мынадай ұстанымдарды бөліп қарастырады:

– *Мықты ішкі корпоративтік мәдениет* - ұйым ішіндегі этика мен ұйым мәдениеті;

– *Адамға деген біртұтас көзқарас ұстанымы* - басшы педагогикалық ұжымдағы әрбір қызметкерді кәсіби қызмет түрін атқаратын жұмысшы ретінде емес, педагогикалық үрдіс барысында өзіндік қажеттілігі, өзіндік мақсаттары, мотивтері бар жеке тұлға ретінде қарастырады.

– *Жеке тұлғаларды еңбекке ынталандыру ұстанымы* - педагогтың жұмысқа деген жеке қызығушылығы, оның білім беру мекемесі мен педагогикалық ұжым алдындағы белгілі бір міндеткерліктерді қабылдап атқаруға ықпал етеді.

– *Консенсус (ортақ, біріккен келісімге келу) ұстанымы* **-** басшының педагогтардың жеке көзқарастарын ескере отырып, ұжымды өзара келісімге, ынтымақтастыққа әкелу.

– *Барлық қызметкерлер үшін ортақ статус ұстанымы* – қызметкерлермен тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

– *Жанама бақылау ұстанымы*-ашықтық, шынайылық, дәлдік негізіндебақылауды жүйелі, бірізді, жүргізу, тиімді бақылау.

– *Ұжым боп шешім қабылдау ұстанымы* **-** демократиялық басшылыкке тудің негізгі құралының бірі, ортақ шешім қабылдау. Ол басқару

ақпаратының ашықтық жағдайында ғана мүмкін болады.

– *Міндетерліктерді жолдау ұстанымы*-басқаруға педагог қызметкерлерді қатыстыру, бұл ұстаным «төменнен жоғарыға» қағидасына сай әрекет етеді.

– *Көлденең байланыс ұстанымы* **-** барлық педагогикалық ұжым мүшелерімен өзара байланысты туғызу, ақпарат, іс тәжірибе алмасуды қамтамасыз етеді.

Аталған басқару ұстанымдары өзара бір-бірімен тығыз байланыста, бір жүйеде қарастырылады, олардың негізінде адамға деген сенім мен құрмет жатыр. Басқару ұстанымдарын бірлікте қарастырғанда ғана нақты жетістіктерге қол жеткізуге және олардың жүзеге асырылуы осы байланысты сақтағанда ғана тиімді болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандық білім беру жүйесі елдің зияткерлік әлеуетін құруға және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге қабілетті сапалы жаңа деңгейдегі тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымындағы оқу-тәрбие процесін басқарудың маңызды факторы мектепішілік бақылау болып қала береді. Бақылау бір жүйенің екінші жүйеге әсерін, субъектілердің өзара байланысты әрекеттерінің нәтижесін көрсетеді. Осы жұмыстардың мектеп деңгейінде үнемі жүргізіліп талқылануы нәтижесінде жаңа даму деңгейіне өтуді қамтамасыз ететін жаңа мақсат-міндеттер мен күтілетін нәтижелерді нақтылау жолға қойылады және олар оқу жылы аяғында және басында әзірленетін жұмыс жоспарлары үшін ақпараттық база болып табылады. Мектепішілік бақылау әрекеттері жалпы мектептің стратегиялық мақсаты мен міндеттеріне, басты мәселелері мен шараларға өзгерістер енгізіліп, оны қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

Кез келген мектеп басшысына мектептің қалай дамып жатқаны, даму тенденциялары қандай екені, білім беру процесі қалай жетілдірілетіні (немесе жетілдірілмегені) туралы нақты түсінік қажет. Басқаша айтқанда, басшыға үнемі талдау, өзекті кері байланыс, мектеп өмірі мен қызметінің барлық салалары туралы шынайы ақпарат қажет. Мұндай ақпаратты мектепішілік бақылаудың көмегімен алуға болады

Мектепішілік басқару жүйесіне енетін бағыттардағы жетістіктер мен кемшіліктерді бақылау негізінде үнемі талдап, бағалап отыру менеджмент қызметінің сапасын арттырып, жоғары нәтижелерге жетуге мүмкіндік жасайды.

Мектепішілік бақылаудың жаңа бағыттарына мыналар жатады:

- жеке тұлға жүзеге асыратын әкімшілік бақылаудан ұжымдық бақылау формаларына ауыстыру;

- өзін-өзі бақылау және өзара бақылау сияқты формаларды қолдану арқылы мектептегі бақылаудың сенімділігін кеңейту;

- бақылаудың ашықтығын арттыру, мектеп ұжымы мүшелерінің бақылау құжаттамасына қол жеткізу құқығы мен мүмкіндігіне ие болуы;

- бақылау субъектілерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін, ең алдымен, әр түрлі жұмыс бағыттары бойынша мектеп директорының орынбасарларына немесе бейінді кафедраларға, мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктеріне және т.б. бақылау өкілеттіктерін беру есебінен арттыру.

Осылайша, мектепішілік бақылаудың нысандары мен әдістерін таңдау оның мақсаттарымен, міндеттерімен, бақылау объектісі мен субъектісінің ерекшеліктерімен байланысты. Әр түрлі формалар мен әдістерді қолдану мектепішілік бақылау жоспарының негізінде мектеп әкімшілігін, педагогтерді, білім беру басқармасының қызметкерлерін жұмылдыру арқылы мүмкін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Боровкова Т.И., Морев И.А. Мониторинг развития системы образования (Білім беру жүйесін дамыту мониторингі). Часть 1. Теоретические аспекты: Учебное пособие. – Владивосток: Изд-во Дальневосточного университета, 2004. – 150 с.

2. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

3. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы.

4. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығы.

5. "Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету Қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 351 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021102.

6. Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 459 бұйрығы

7. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығына 1-қосымша.

8. Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп Педагогикалық шеберлік орталығымен әзірленген Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламаларының глоссарийі: Оқу-әдістемелік құралы – Астана: "Назарбаев Зияткерлік мектептері"ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – 2013. – 36 б.

9. Иванов С.А., Писарева С.А., Пискунова Е.В. О.Э. Крутова Білім берудегі мониторинг және статистика: Тьюторларды даярлауға арналған оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы. - М.: АПК и ППРО, 2007.– 128 б.

10. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.

11. Майоров А.Н. Мониторинг в системе информационного обеспечения управления образованием (Білім беруді басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіндегі мониторинг). – СПб.: Образование – Культура, 2002.

12. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту

туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығы.

13. Методы принятия управленческих решений: краткий курс лекций для обучающихся направлений подготовки (Басқарушылық шешімдерді қабылдау әдістері. Дайындық бағыттары бойынша оқушыларға арналған дәрістердің қысқаша курсы). 38.03.02 Менеджмент / Сост.: Д.А. Воробьева // ФГБОУ ВО «Саратовский ГАУ». – Саратов, 2017. – 68 с.

14. Методы сбора информации и инструменты анализа (Ақпаратты жинау әдістері және талдау құралдары). https://www.marketing.spb.ru/lib-research/methods/collect_and_analysis.htm.

15. Мониторинг, статистика, социология в деятельности образовательного учреждения (Білім беру мекемесінің қызметіндегі мониторинг, статистика, әлеуметтану). Учебное пособие. – М.: НФПК, 2005.

16. Образцов, П.И. Методология педагогического исследования: учебное пособие для академического бакалавриата (Педагогикалық зерттеу әдістемесі: Академиялық бакалавриатқа арналған оқу құралы)/ П.И. Образцов. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2019. - 156 с URL: https://urait.ru/bcode/438230 (дата обращения: 17.03.2021).

Қосымша 1

Мектепішілік бақылау туралы ЕРЕЖЕ (жоба)

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және мектепішілік бақылау мазмұны мен жүзеге асыру тәртібін регламенттейді.

1.2. Мектепішілік бақылау – оқу-тәрбие процесінің жай-күйін, білім беру ұйымдарының және білім алушылар мен педагогтердің дамуы үшін жағдайдың сапасын зерделеу және талдау.

Мектепішілік бақылауды білім беру ұйымының әкімшілігі және білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен тағайындалған уәкілетті адамдар жүзеге асырады.

1.3. Мектепішілік бақылаудың негізін әкімшілік пен педагогикалық ұжымның педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру және ынталандыру мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсетуге бағдарланған демократиялық негіздегі өзара іс-әрекеті құрайды.

1.4. Білім беру ұйымы мектепішілік бақылау жоспарын әзірлеуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы басшылыққа алынады.

1.5. Мектепішілік бақылау туралы Ережені оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар педагогикалық кеңес бекітеді.

1.6. Мектепішілік бақылаудың мақсаттары:

– Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

– білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді орындау;

– білім беру мекемесі қызметін жетілдіру;

– оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру;

– білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын қорғау;

– педагогтердің кәсіби деңгейін жетілдіру болып табылады.

1.7. Мектепішілік бақылаудың міндеттері:

– білім беру саласындағы заңнаманың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыру;

– заңнамалық және де басқа нормативтік-құқықтық актілерді бұзушылық және орындамау оқиғаларын айқындау, олардың жолын кесу шараларын қабылдау;

– бұзушылықтардың негізінде жатқан себептерге талдау жасау, олардан сақтандыру жөнінде шаралар қабылдау;

– педагогикалық қызмет нәтижелерін зерделеу, білім беру үдерісін ұйымдастырудағы оңды және жағымсыз үрдістерді айқындау және осының негізінде педагогикалық тәжірибені тарату мен жағымсыз үрдістерді жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

– бақылау үдерісінде педагогикалық қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету.

– барлық оқу пәндері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарының сақталуын кезеңді түрде бақылау;

– оқу пәндерін оқыту сапасын, педагогтердің оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына, нысандары мен әдістеріне ғылыми негізделген талаптарды сақтауын жүйелі бақылау;

– білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін кезең-кезеңімен бақылау;

– құжаттаманы бақылау (журналдар, күнделіктер, дәптерлер және т. б.);

– жалпыға міндетті оқыту бойынша іс-шаралардың орындалуын бақылау (тамақтандыруды ұйымдастыру, материалдық көмек, үйде оқыту және т. б.);

– үйірмелердің, факультативтердің және спорт секцияларының жұмысын бақылау (сабақтардың жүйелілігі, сабақтардың саны, сабақтардың тақырыбы және т. б.);

– қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімділігін анықтау, материалдық-техникалық базаны жетілдіру;

– мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау;

– ұзартылған күн топтарының жұмысын және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ыстық тамақтануын ұйымдастыруды бақылау;

– еңбектің қорғалуын және қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау (кабинеттерде, зертханаларда, шеберханаларда, спорт залында, мектеп жанындағы учаскеде).

1.8. Мектепішілік бақылаудың функциялары:

– ақпараттық-талдаушылық;

– бақылау-диагностикалық;

– түзетімдік-реттеушілік.

1.9. Мектеп директоры және (немесе) оның тапсырмасы бойынша директордың орынбасары немесе сарапшылар қызметкерлер қызметінің мынадай нәтижелеріне мектепішілік бақылауды жүзеге асыруға құқылы:

– ҚР-ның білім беру саласындағы заңнамасын сақтау;

– білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

– білім беру үдерісінде әдістемелік қамтамасыз етуді пайдалану;

– бекітілген білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын іске асыру, бекітілген оқу графиктерін сақтау;

– жарғыны, ішкі еңбек тәртіптемесін, мектептің өзге де жергілікті актілерін сақтау;

– оқушыларды аралық аттестаттаудан өткізу мен үлгерімге ағымдағы бақылау өткізу тәртібін сақтау;

– оқушылардың жекелеген санаттарына заңнамамен және жергілікті өзін өзі басқару органдарының құқықтық актілерімен қарастырылған қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамтамасыз ету түрлерін өз уақытында беру;

– оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің денсаулығын сақтау мен нығайту мақсаттарындағы медициналық мекемелер мен қоғамдық тамақтандыру ұйымдары бөлімшелерінің жұмысы;

– мектеп директоры құзіретінің шеңберіндегі басқа да мәселелер.

1.10. Мектепішілік бақылау барысында педагогтерді бағалаған кезде мыналар есепке алынады:

– мемлекеттік бағдарламаларды толық көлемінде орындау (материалды өтуі, саламандық жұмыстарды, бақылау жұмыстарын, экскурсиялар және басқалар);

– оқушылардың білім, шеберліктер, дағдылары мен дамуының деңгейі;

– оқушылардың дербестік дәрежесі;

– оқушылардың жалпы білімдік дағдыларды, зияткерлік бейімдіктерді меңгеруі;

– оқыту үдерісінде оқушыларды жіктеу;

– педагог пен оқушының бірлескен қызметі;

– оңды эмоциялық микроклиматтың болуы;

– оқу материалынан мазмұнды нәрсені іріктеу (оқушылардың білімдер жүйесін меңгеруіне бағытталған қосымша әдебиетті, ақпаратты, иллюстрациялар мен басқа да материалды іріктеу);

– педагогикалық жағдаяттарды, рефлексияны талдау, педагогикалық қызметтің нәтижелеріне өздігінен бақылау жасау қабілеті;

– өз қызметіне түзетімдер жасау шеберлігі;

– өз тәжірибесін қорыта білуі;

– өз дамуының жоспарын жасау және жүзеге асыру шеберлігі.

1.11.Педагог қызметіне бақылау жасау әдістері:

– сауалнама жүргізу;

– тестілеу;

– әлеуметтік сауалнама;

– мониторинг;

– бақылау;

– құжаттаманы зерделеу;

– сабақтарды өздігінен талдауды зерделеу;

– оқушылардың қызметі туралы әңгімелесу;

– оқушылардың оқу қызметінің нәтижелерін талқылау.

1.12.Оқу қызметінің нәтижелеріне бақылау жасау әдістері:

– бақылау;

– ауызша сауалнама;

– жазбаша сауалнама;

– білімді жазбаша тексеру (бақылау жұмысы);

– аралас тексеру;

– әңгімелесу, сауалнама, тестілеу;

– құжаттаманы тексеру.

1.13.Мектепішілік бақылау жоспарлық немесе оперативтік тексерулер, мониторинг, әкімшілік жұмыстарды жүргізу түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Жоспарлы тексерулер түріндегі мектепішілік бақылау бекітілген жоспар-графикке сәйкес жүзеге асырылады, ол мерзімдікті қамтамасыз етеді және тексерулерді ұйымдастырудағы тиімсіз қосарласуға мүмкіндік бермейді. Жоспар оқу жылының басында педагогикалық ұжым мүшелеріне ұсынылады.

Оперативтік тексерулер түріндегі мектепішілік бақылау бұзушылықтар фактілерін анықтау, оқушылар мен олардың ата-аналарынан немесе басқа азаматтар мен ұйымдардан түскен шағымдарда көрсетілген бұзушылықтар туралы мәліметтерді тексеру, сондай-ақ білім беру үдерісіне қатысушыларының арасындағы қақатығыстық жағдаяттарды реттеу мақсатында жүзеге асырылады.

Мониторинг түріндегі мектепішілік бақылау білім беру сапасын басқару міндеттерін (оқушылар денсаулығының жай-күйі, тамақтандыруды ұйымдастыру, режимді орындау, атқарушылық тәртіп, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, педагогикалық шеберліктің диагностикасы және т. б.) тиімді шешу үшін білім үдерісінің нәтижелері мен ұйымдастыру туралы ақпаратқа талдау жасау және өңдеуді, жүйелік есепке алуды, жинауды қарастырады.

Әкімшілік жұмыс түріндегі мектепішілік бақылауды мектеп директоры немесе оның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары ағымдағы үлгерімге бақылау жасау шеңберіндегі оқытудың табыстылығын тексеру мақсатында және оқушыларды аралық аттестаттау мақсатымен жүзеге асырады.

1.14.Мектепішілік бақылаудың түрлері:

– алдын ала – алдын ала танысу;

– ағымдық – тікелей оқу-тәрбие үдерісін бақылау;

– қорытынды – мектеп пен педагогтар жұмысының тоқсан, жартыжылдық, оқу жылындағы жұмыс нәтижелерін зерделеу.

1.15. Мектепішілік бақылаудың формалары:

– дербес;

– тақырыптық;

– сыныптық-жалпылау;

– кешенді.

1.16. Мектепішілік бақылаудың Ережелері:

– мектепішілік бақылауды мектеп директоры немесе оның тапсырмасы бойынша оқу-тәрбие жұмыс жөніндегі орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері, басқа мамандар жүзеге асырады;

– бақылау бағдарламасы нақты тексеру мәселелерін белгілейді және мектеп қызметінің жекелеген тараулары немесе лауазымды тұлға бойынша қорытынды құжатты дайындау үшін мектепішілік бақылау нәтижелерінің салыстырылатындығы мен жеткілікті ақпараттылықты қамтамасыз етуі тиіс;

– сарапшылар қажетті ақпаратты сұратуға, мектепішілік бақылау нысанына қатысты құжаттаманы зерделеуге құқылы;

– жоспарлы бақылау өткізілген кезде егер айлық жоспарда бақылаудың мерзімдері көрсетілсе, онда мұғалімге қосымша ескерту жасау талап етілмейді. Директор мен оның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары төтенше жағдайларда мектеп мұғалімдерінің сабақтарына алдын ала ескертусіз қатыса алады;

– оперативтік тексерулер кезінде педагогикалық қызметкерге сабағына қатысудан кем дегенде 1 күн бұрын ескертіледі;

– төтенше жағдайларда педагогикалық қызметкерге сабақтарына қатысудан бұрын кем дегенде 1 күн бұрын ескертіледі (төтенше жағдай болып бала құқықтарының, білім туралы заңнаманың бұзылуына түскен жазбаша шағым есептеледі).

1.17.Мектепішілік бақылау үшін негіз:

– педагогикалық қызметкердің аттестаттауға берген өтініші;

– жоспарлы бақылау;

– басқарушылық шешімдерді дайындау үшін істердің жай-күйін тексеру;

– жеке және заңды тұлғалардың білім беру саласындағы бұзушылықтар жөніндегі арыз-шағымдары.

1.18.Мектепішілік бақылаудың нәтижелері талдаушылық анықтама, мектепішілік бақылаудың нәтижелері туралы анықтамалар, тексерілген мәселе бойынша істердің жәй-күйі туралы баяндама түрінде ресімделеді. Қорытынды материалда фактілер тіркеледі, қорытындылар жасалады, қажет болған кезде ұсыныстар жасалады. Нәтижелер туралы ақпарат мектеп қызметкерлеріне тексеру аяқталғаннан кейін жеті күннің ішінде хабарланады.

Оның формасы, мақсаттары мен міндеттеріне қарай, сондай-ақ істердің нақты жағдайлары есепке алына отырып мектепішілік бақылаудың қорытындылары бойынша:

– педагогикалық немесе әдістемелік кеңестердің отырыстары, өндірістік кеңестер, педагогикалық құраммен жұмысшы кеңестері өткізіледі;

– жасалған ескертулер мен ұсыныстар мектептің істер номенклатурасына сәйкес құжаттамада тіркеледі;

– мектепішілік бақылау нәтижелері педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау кезінде есепке алынуы мүмкін, бірақ олар сараптамалық топтың қорытындысы үшін негіз болып табылмайды.

1.19.Мектеп директоры мектепішілік бақылаудың нәтижелері бойынша мынадай шешімдер қабылдайды:

– тиісті бұйрық шығару туралы;

– мектепішілік бақылаудың қорытынды материалдарын алқалы органның талқылауы туралы;

– белгілі бір мамандарды (сарапшыларды) тарта отырып қайтадан бақылау жүргізу туралы;

– лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы;

– қызметкерлерді көтермелеу туралы;
– өз құзіреті шектеріндегі өзге де шешімдер.

1.20.Оқушылардың, олардың ата-аналарының, сондай-ақ басқа азаматтар мен ұйымдардың арыз-шағымдарында баяндалған мәліметтерді тексеру қорытындылары туралы оларға белгіленген тәртіпте және белгіленген мерзімдерде хабарланады.

Қосымша 2

Мектепішілік бақылау нәтижелері бойынша бұйрықтың үлгісі

БҰЙРЫҚ № ____

2022 жылғы 10 қыркүйек _____ *қаласы*

Ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша мектепішілік бақылаудың қорытындылары туралы

_____ қаласы әкімдігінің «№__ мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 жылға арналған мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 26-30 қыркүйек аралығында жұмыс тобы ыстық тамақты ұйымдастыру мәселесі бойынша мектепішілік бақылау жүргізілсін;
2. Ыстық тамақты ұйымдастыру мәселесі бойынша білім алушылар мен олардың ата-аналары арасында сауалнама өткізілсін (мектеп психологы 27.09.22 ж.);
3. Сынып параллельдері бойынша білім алушыларды ыстық тамақпен қамтуды тексеру (Мектеп директорының орынбасары 26.09-30.09.22 ж.);
4. Әлеуметтік осал топтардың отбасылардан шыққан балаларды ыстық тамақпен қамтуды тексеру: (әлеуметтік-педагог 26.09.22 ж.);
5. Ас бөлмесі мен асхананың санитарлық жағдайын тексеру (директордың ШІЖО, мектеп дәрігері 26.09.2022 ж.);
6. Бақылау жүргізу үшін жұмыс тобын құрылсын;
7. Директор жанындағы кеңесте бақылау қорытындыларын қарау (12.10.2022 ж.);
8. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

Қосымша 3

Сабақты бақылау парағы

Сабақты бақылау мерзімі:		
Пәні:		
Сыныбы (тобы):		
Сабақтың тақырыбы:		
Сабақтың мақсаты:		
Педагог:		
Бақылаушы:		
	Бақылау элементтері	**Белгі (v)**
1.	**Ұсынылған сабақ жоспары**	
2.	Күтілетін нәтижелер оқу мақсаттарына сәйкес келеді	
	✓ білім алушылардың қажеттіліктерін ескереді	
	✓ зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған	
3.	Білім алушыларды мақсаттар қоюға және күтілетін нәтижелерге тартады	
4.	Сабақтың әр кезеңінде педагог барлық оқушыларды белсенді оқытуға тартады	
5.	Оқу материалын меңгеруді ұйымдастыру кезінде педагог іске асырады:	
	✓ білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	
	✓ білім алушылардың қабілеттерін дамыту	
6.	Сабақ барысында педагог АКТ ресурстарын пайдаланады	
	✓ білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін дайын цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады	
	✓ педагог әзірлеген цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады	
	✓ білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеуі үшін желілік ресурстарды пайдаланады	
7.	Педагог әрбір білім алушының оқу мақсаттарына жету барысын қадағалайды	
8.	Педагог білім алушыларды бағалау процесіне тартады	
9.	Педагог білім алушылардың сындарлы кері байланыс беруі үшін жағдай жасайды	
Бақылаудың қосымша элементтері *(педагог-шебер, педагог-зерттеушілер үшін)*		

10.	Оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады	
11.	Сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру	
12.	Білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту	
13.	Құндылыққа бағытталған оқыту	
Бақылаудың қосымша элементтері *(педагог-сарапшы, педагог-модераторлар үшін)*		
14.	Оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын пайдаланады	
15.	Құндылыққа бағытталған оқыту	
16.	Сараланған тәсілді қолдану	
Бақылаудың қосымша элементтері *(педагог үшін)*		
17.	Оқытудың инновациялық нысандары, әдістері мен құралдарын біледі	
18.	Құндылыққа бағытталған оқыту	
19.	Сараланған тәсілдерді біледі	

Кері байланыс және ұсыныстар:

Бақылаушы:_____

(аты-жөні, қолы)

Қосымша 4

Тәрбие сағатын талдау жүйесі

Күні:_____
Сыныбы:_____
Сынып жетекшісі:_____
Оқушы саны:_____ Қатыспағаны:_____
Тәрбие сағаттың тақырыбы:_____
Мақсаты:_____
Бақылаушы:_____

Барысы

Уақыты	*Сабақ кезеңдері мен жұмыс түрлері*	*Мұғалім әрекеті*	*Оқушы әрекеті*	*Ескерту*

Сапасын бағалау

№	Параметрлер мен өлшемдер	Іске асырылу деңгейі	Ұпай 1-5
1.	Тәрбие сағатының формасы және әдісі (кеш, конференция, пікірталас, әңгіме,жиын, жиналыс)		
2.	Тәрбие сағат мақсатының қолжетімділігі		
3.	Қолданылған әдіс-тәсілдердің тәрбие сағат мақсатына сәйкестігі		
4.	Тәрбие сағатын жоспарлауы. Рефлексивті күнделік жүргізуі.		
5.	Сыныптағы ахуал (Санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы қажетті жабдықтар, оқушылардың бір-бірімен қатынасы, қолайлы орта т.б.)		
6	Топтық жұмыс (құру, ереже, ынтымақтастық, талқылау, шешім қабылдау, бағалау) **«Білім беру мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулі**		

7.	Тәрбие сағатында қолданылған көрнекіліктердің тартымдылығы және оқушыларға әсер ету дәрежесі		
8.	Жұптық жұмыс (оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы, бір-бірімен ой бөлісуі, тақырыпты бір-біріне айтып беруі, әңгіме-дебат, зерттеушілік әңгіме) сынып жетекшінің сұрақ қоюы (ашық, жабық, қайта бағыттау, жоғары дәрежелі сұрақтар) «**Білім беру мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулі**		
9.	Тәрбие сағатындағы құндылықтарды тақырып бойынша қолдануы		
10.	АКТ-ны пайдалануы. **«Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану» модулі**		
11.	Сынып жетекшінің сыныпты басқару деңгейі. **«Білім берудегі басқару және көшбасшылық» модулі**		
12.	Кері байланыс (уақытында іске асырылуы, оқушыларды мұқият тыңдауы)		
13	Тәрбие сағатының әр кезеңінде уақытты тиімді пайдалануы. (әр тапсырманы уақытпен істеуі, оқушылардың уақытқа дағдылануы, сынып жетекшінің уақытты басқаруы)		
14	Рефлексияны басқаруы.		

65-85 ұпай – «өте жақсы», 64-45 ұпай – «жақсы», 44-30 ұпай – «қанағаттанарлық», 29-0 ұпай – «толық жақсарту қажет»

Қорытынды:_____

Ұсыныс:_____

Қосымша 5

«1 сыныптарда бейімделу кезеңін ұйымдастыру»
сабағына қатысу картасының үлгісі

Күні: «____» _____ 20___ж.

Сабақ тақырыбы:

_____

Сабақтың мақсаты:

_____

Бақылау мақсаты: 1-сынып оқушыларының бейімделу кезеңін ұйымдастыру.

Бақылау бағдарламасы:

1-сыныпта сәтті бейімделу кезеңін ұйымдастыру бойынша педагогтің қызметі	
СанЕмН сақталуы	
Білім алушылардың қызмет түрлерін ұйымдастыру	
Оқытудың белсенді әдістерін қолдану	
Цифрлық ресурстарды пайдалану	
Құндылыққа бағытталған білім беру	
Меңгерілетін материалдың қол жетімділігі және көрнекілігі	
Үй тапсырмасы	
Білім алушыларға бірыңғай талаптар қою (өз қызметін ұйымдастыруға және өз іс-әрекеттерін жоспарлай білуге үйрету)	
Сабақтың басында білім алушыларды ұйымдастыру	
Білім алушының жұмыс орнын жабдықтау	
Білім алушылардың кешігуі, сабаққа қатыспауы	
Білім алушылардың белсенділігі.	
Педагогтердің бейімделу кезеңінде оқытуды ұйымдастыру әдістері мен тәсілдерін меңгеруі	
Сараланған тәсілді қолдану	
Белсенді оқыту әдістерін қолдану	
Тапсырмаларды орындауға бөлінген уақытты жоспарлау (уақыт шеңбері)	

Құзыреттілік тәсіл	
Сөйлеу әрекетінің дағдыларын дамыту (сөйлеу, оқу, тыңдау, жазу)	
Білім алушыларды ұсынылған тапсырмаларды ойдағыдай орындауға мүмкіндік беретін материалдармен, ресурстармен, ақпаратпен қамтамасыз ету	
Бағалау қызметі	
Қалыптастырушы бағалау	
Сабақтың барлық кезеңдерінде кері байланыс және қалыптастырушы бағалау құралдарын қолданудың тиімділігі	
Рефлексия	
Білім алушылардың білімі мен іс-әрекет тәсілдерін меңгеру деңгейі	
Сабақтағы психологиялық климат	
Мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасы	
Оқушылардың өзара қарым-қатынасы	
Мұғалімнің педагогикалық әдептілігі	
Оқушылардың психологиялық-жас ерекшеліктеріне қолданылатын оқыту нысандарының, әдістері мен құралдарының сәйкестігі	
Кері байланыс және ұсыныстар: **Бақылаушы:**_____ *(аты-жөні, қолы)*	

Қосымша 6

Білім беру ұйымындағы тәрбиелік іс-шараларды талдау үшін Жадынама

I. Жалпы мәліметтер

1. Іс-шараның атауы.
2. Өткізілу датасы, сынып.
3. Іс-шараны ұйымдастырушы.
4. Оқушылардың тобының құрамы: ұл балалар (жасөспірімдір), қыз балалар, қызығушылықтары бойынша топтар, т.б.
5. Іс-қимыл түрі (ол жүйеге кіреді ме, әлде анда-санда өтетін іс-шара ма).
6. Іс-шара мақсаты (бұл іс-шара сынып ұжымының қандай мәселесін шешуге және оқушылардың қандай жеке тұлғалық сапасын қалыптастуға бағытталған).
7. Бұл іс-қимылдың түрін және мазмұнын таңдауды негіздемелеу (сабақтың жалпы тәрбиелік міндеттерге, сынып ұжымының даму деңгейіне, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі).

II. Іс-шараны дайындауға талдау

1. Бұл іс-шараның ұйтқысы кім болды, ол қалай дайындалды? Сабаққа дайындық барысында оқушылардың белсенділігі, дербестігі және инициативасы қалай көрінді?
2. Жұмысты дайындау этаптарының мазмұны: жоспарлау, іс-шараның элементтерін әзірлеу, қажетті құрал-жабдықтарды әзірлеу және т.б.
3. Іс-шараны дайындауда балалар ұжымын жұмылдыру деңгейі.

III. Іс-шара барысын талдау

1. Алдыдағы іс-қимылдың мақсаттары мен міндеттері оқушыларға қаншалықты сенімді және эмоционалды ашып көрсетілді; балалар үшін олардың актуалдылық дәрежесі.
2. Жұмыс қаншалықты мазмұнды, қызықты және ұйымдасқан түрде өтті.
3. Іс-шара барысында оқушылар қандай білімді меңгерді, ол қандай әлеуметтік ұстанымдарды, сезімдерді және көзқарастарды қалыптастыруға бағытталды?
4. Жүргізілген жұмыстың нәтижелілігі қандай?
5. Өткізілген іс-шара балалар ұжымына қандай әсер қалдырды? Ұжымның дамуына ол іс-шараның қандай салдары болуы мүмкін?
6. Іс-шара өткізуде сынып жетекшісінің ролі қандай?
7. Тәрбиеленушілер мен педагог-тәрбиелеуші арасында өзара қарым-қатынас сипаты, олардың тәрбиелеу міндеттеріне, жас және жеке ерекшеліктеріне, ұжымның даму деңгейіне сәйкестілік.

IV. Тәрбиелік іс-шараны жалпы бағалау

1. Қойылған мақсаттар мен міндеттер қаншалықты қол жеткізілді? Табыстың, сәтсіздіктің себептері, анықталған қателіктер.
2. Өткізілген жұмыстың тәрбиелік құндылығын жалпы бағалау.
3. Тәрбиелеушілер мен оқушылардың атына бағытталған педагогикалық қорытындылар және ұсыныстар.

V. Тәрбиелеуші қызметін талдау

1. Тәрбиелеушінің қандай сипаттары оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізуге оң әсер етті, қандай сипаттары, керісінше, теріс әсер етті, неге?
2. Оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізгенде қандай педагогикалық қабілеттер және біліктіліктер байқалды?
3. Педагогтің тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру үшін тілектер мен ұсынымдар.

Сынып сағатын талдау схемасы

1. Сынып сағатының тақырыбы және сынып жетекшісінің (сынып тәрбиелеушісінің) тәрбие жұмысының жалпы жүйесіндегі оның орны.
2. Сынып сағатының білім беру-тәрбиелік міндеті, оның әрбір оқушы үшін тұлғалық мағынасы.
3. Сынып сағатын өткізудегі мұғалім мен оқушылардың дайындықтары:

а) іс-шараны өткізудегі мұғалім мен оқушылардың уақтылығы;

б) оқушылардың дайындық барысындағы дербестік және белсенділік деңгейі;

в) оқу-көрнекі құралдарымен педагогикалық қамтамасыздық.

4. Сынып сағатының барысы:

а) сынып сағатының мақсатын және міндетін оқушылар алдында ашып көрсетудегі сынып жетекшісінің сенімділігі, нақтылығы, эмоционалдығы;

б) іс-шараны өткізу мазмұнының, тақырыптық бағыттылығының және технологиясының сынып ұжымының даму деңгейіне сәйкестігі;

в) сынып сағатын өткізудегі сынып жетекшісінің педагогикалық шеберлігі: педагогикалық мәдениет, әдептілік, қарым-қатынас, тәрбиелеушінің сыртқы түр-әлпеті; сынып сағатын өткізудің алғашқы кезеңдеріндегі психологиялық үйлесімділік;

г) сабақ уақтысын тиімді пайдалану; сынып жетекшісінің коррекциялық іс-қимылы.

5. Сынып сағатының нәтижелері:

а) сынып сағатының мақсаттарына және міндеттеріне қол жеткізу;

б) өткізілгіен ісөшараның позитивті және негативті аспктілері, олардың себептері;

в) сынып сағатын дайындау және өткізу бойынша сынып жетекшісінің жұмысын жетілдіру жөніндегі педагогикалық қорытындылар мен ұсынымдар.

Сабақтан тыс іс-шараларды талдау
(Ю. Самсонов, Т. Тучкова схемасы)

1. Осы іс-шараға қатысушылар. Сынып, контингент, жасы, саны, олардың қатысу (немесе міндеттілігі) еріктілгі.

2. Іс-шаралар тақырыбы және мақсаты. Осы іс-шараны өткізу мақсаттылығын негіздемелеу (қызығушылық, осы жастағы оқушылар үшін өзектілігі, оқушыларды қызықтыру үшін алдын-ала жүргізілген жұмыстар). Іс-шараны өткізу белсенделігі кімнен шығып отыр?

3. Іс-шаралар бағдарламасы. Оған қатысушылардың қызығушылығын арттыратын құралдар. Іс-шара құрылымы (басы, ең шыңы, аяғы).

4. Болжамдағы нәтиже. Эмоцияны білдіру: қуанышты, мейірімділікті және басқаға көмектесуді қажет ету мәдениетін тәрбиелеу. Іс-шараның басындағы және соңындағы эмоционалды жағдай. Оқушыларда танымдылық қажеттілігінің, өзіндік жетілуге және мен деген сезімге қажеттіліктің туындауы. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы, Іс-шара өткізіп жатқан педагогикалық қызметкерлердің білікті көмегі.

5. Бұл іс-шараның өзіндік ерекшэелігі (дәстүрлер, обрядтық жағы, ұлттық мәдениеттті, мерекелікті, салтанаттылықты қайта жаңғырту)

6. Әсер ету құралдарының жабдықталуы, әртүрлілігі және барабарлығы.

Тәрбие ісін психологиялық-педагогикалық талдаудың үлгілік схемасы
(Г.М. Коджаспированың «Педагогтің кәсіби өзіндік білім алу мәдениеті» кітабынан)

1. Сабақтар тақырыбы және олардың педагогикалық негіздемесі.
2. Жүргізілетін жұмыстың мақсаттары және міндеттері.
3. Оқушыларды даярлауды ұйымдастыру: қатысу деңгейі; көрнекті рәсімдеу; техникалық құралдарды қолдану.
4. Сабақтарды мазмұны және оларды өткізу әдістемесі; а) сабақ мазмұнының қойылған мақсатқа сәйкестігі;

б) таңдап алынған материалдың танымдық және тәрбиелік құндылығы;

в) эмоционалдық қанықтылық; оқушылардың сабаққа қызығушылығы; олардың белсенділігі;

г) сабақта қолданылған тәсілдер мен әдістер; оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сыныптағы балалардың даму деңгейіне олардың сәйкестігі.

5. сабақ өткізетін тәрбиелеушінің тұлғалық ерекшеліктері; сенімділік, эмоционалдылық, оқушылармен байланыс, балалар үшін тапсырма.

1. Сабақтың педагогикалық бағалылығы. Сіздің келешек жұмысыңызда осы сабақтың тәжірибесі қалай ескерілетін болады?

Эстетикалық бағыттағы тәрбиелік іс-шараны талдау (Ю. Самсонов схемасы)

1. Іс-шара мәселесінің (мақсатының) нақтылығы. Тәрбиеленушілердің жас және мәдени ерекшеліктеріне олардың сәйкестігі. Тәрбиеленушілердің бұл мәселелерді барабар қабылдауы («әртістер де», көрермендер де).

2. Тәрбиеленушілерге арналған мәдениеттің факторлары мен құбылыстарының (әртүрлі жанрлар және түрлер) мынадай жағдайларда:

- музыканы тыңдағанда;
- салынған суретті қабылдау;
- бишілерді бақылау және т.с.с. Үлгілі шығармалардың тәрбиеленушілердің осы жастағы қабылдау ерекшеліктерімен сандық қатынасы. Үлгілі шығармалардың тәрбиеленушілердің эстетикалық мәдени деңгейлеріне сәйкестігі тиімді таңдалуы қажет.

3. Эстетикалық іс-әрекеттің әртүрлі түрлері мен жанрларында өзін-өзі жетілдіру үшін қажетті жағдайлар.

4. Үлгілі-шығармалармен байланысты проблемаларды талқылау бейнесі. Олардың өзектілігі, маңыздылығы және тәрбиеленушілер жасына сәйкестігі. Тәрбиеленушілердің өздерінің ойларын және сезімдерін жеткізе білу мүмкіндіктері.

5. тәрбиеленушілердіңәртүлі аспектілердегі дамуы:

- интеллектуалды;
- эмоционалды;
- көркем-эстетикалық.

6. «Әртістердің» санының «көрермендер» санына қатынасы.

7. Тәрбиеленушілердің көркем талғамын (өзіндік даму) жетілдірудің шарты ретінде эстетикалық өнімнің әрі қарай қолданылуы.

Мазмұны

	Кіріспе.....	4
1	Мектепішілік бақылаудың теориялық негіздері.....	6
2	Мектепішілік бақылаудың негізгі бағыттары. Оларды іске асыру тетіктері.....	22
3	Мектепішілік бақылауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	58
	Қорытынды.....	62
	Пайдаланылған әдебиеттер.....	63
	Қосымша.....	65

ВВЕДЕНИЕ

Контроль – прежде всего функция управления. Контроль стоит в одном ряду с такими управленческими функциями, как планирование, организация, анализ. Без контроля невозможно представить управленческий цикл. Надо отчетливо осознавать объективную потребность в контроле при осуществлении любой деятельности, в том числе учебно-воспитательной.

Однако контроль – это не только проверка. Контроль – это процесс. Внутришкольный контроль требует длительного промежутка времени, поэтому очень важно знать алгоритм и этапы реализации контрольной функции.

Внутришкольный контроль (далее – ВШК) охватывает широкий круг вопросов, регулируемых и решаемых самостоятельно в организации образования. Это – организация учебно-воспитательной деятельности; результаты освоения обучающимися основной образовательной программы; соблюдение прав всех участников образовательных отношений; исполнение должностных обязанностей сотрудниками; соблюдение норм трудового законодательства; результаты контрольных срезов обще учебных и предметных умений обучающихся; организация деятельности обучающихся и педагогов на занятиях и многое другое, что, в конечном счете, должно привести к гарант ированному получению всеми обучающимися необходимых образовательных результатов.

Каждый руководитель организации образования должен иметь четкое представление о том, как развивается школа, как совершенствуется образовательный процесс. Иными словами, нужна информированность обо всех сферах жизни и деятельности коллектива, необходима постоянная обратная связь. Полную достоверную информацию можно получить только с помощью хорошо налаженного внутришкольного контроля.

Цель внутришкольного контроля, как подчеркивает Л.И. Вагина, - дать информацию о реальном состоянии дел в организаций образования, выявить причины недостатков работы для исправления ситуации, оказать методическую и практическую помощь педагогам. Контроль и анализ информации лежат в основе принятия управленческих решений и таким образом делают управление осмысленным и целеустремленным. Информация, получаемая в ходе внутришкольного контроля, используется в ходе оценки работы кадров, при обобщении передового педагогического опыта.

В соответствии с целями и принципами контроля подбираются технологические средства осуществления контрольной функции. Для того чтобы их правильно выбрать, необходимо иметь знания о типах, видах, формах и методах контроля.

Организация внутришкольного контроля в организациях образования Республики Казахстан проводится на основании приказа министра образования РК от 6 апреля 2020 года № 130 «Об утверждении перечня документов и их форм, обязательных для ведения педагогами организаций

среднего, технического и профессионального, послесреднего образования». ВШК осуществляется администрацией организации образования и уполномоченными лицами, назначенными приказом руководителя организации образования.

Контроль рассматривается как очередной этап управления качеством образовательного процесса, эффективность которого в существенной мере обусловливает адекватность принимаемых управленческих решений. Такое системное представление контроля как элемента единого процесса управления позволяет сформулировать его цели, функции и задачи, требования к планированию, организации и проведению, конкретное содержание и формы контроля, исходя из целей обеспечения высокого качества образовательного процесса. По результатам контроля цели и планы управления качеством образовательного процесса могут уточняться и корректироваться.

В ходе разработки методических рекомендаций на основе сбора данных проведен анализ текущей ситуации по планированию и проведению внутришкольного контроля в организациях образования, систематизирован перечень основных проблем данного направления, предложены пути их решения.

Настоящие методические рекомендации предназначены для администрации общеобразовательных школ, педагогам страны, методистам, специалистам отделов и управлений образования для оказания помощи в организации внутришкольного контроля в организациях образования.

РАЗДЕЛ 1. ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ВНУТРИШКОЛЬНОГО КОНТРОЛЯ

1.1 Внутришкольный контроль, его виды и формы

Внутришкольный контроль - одна из общих функций систем внутришкольного управления, он осуществляется субъектами самого образовательного учреждения.

Вид контроля – это совокупность форм контроля, проводимых с определенной целью. Особенности видов контроля определяются спецификой их объектов и стоящих задач, а также средствами, используемыми для контроля.

Форма контроля – это способ организации контроля.

Метод контроля – это способ практического осуществления контроля для достижения поставленной цели.

Выбор форм и методов внутришкольного контроля определяется его целями, задачами, особенностями объекта и субъекта контроля, наличием времени. Использование разнообразных форм и методов возможно при условии четкого, обоснованного планирования, включения в его проведение представителей администрации, педагогов, работников органов управления образованием.

К системе средств управления относится сочетание различных направлений и форм контроля, которые помогают руководителям получить всестороннюю информацию о состоянии дел в школе. ***Направления и формы контроля - важная сторона в организации руководства учебно-воспитательным процессом.*** Каждое направление и форма контроля, прежде всего, должны иметь целевое назначение и способствовать предупреждению возможных ошибок в деятельности педагога на разных этапах учебной работы.

Структуру процессов внутришкольного контроля можно представить следующим образом:



Рисунок 1. Структура внутришкольного контроля.

Для характеристики внутришкольного контроля важное значение имеет осмысление его видов, форм и методов. Проблема их классификации в настоящее время остается дискуссионной, что служит подтверждением актуальности данной проблемы в теории и практике и продолжающегося поиска ее оптимального решения. Над этой проблемой работают многие ученые из них рассмотрим более распространенный виды контроля тематический и фронтальный, данная классификация разработана Т.И. Шамовой она в своих работах выделяет данную классификацию как основные.

Тематический контроль направлен на углубленное изучение какого-либо конкретного вопроса в системе деятельности педагогического коллектива, группы педагогов или отдельного педагога; на младшей или старшей ступени школьного обучения; в системе нравственного или эстетического воспитания школьников. Следовательно, в своей работе Т.И. Шамова отмечает, что содержание тематического контроля составляют различные направления педагогического процесса, частные вопросы, изучаемые глубоко и целенаправленно. Содержание тематического контроля составляют вводимые в школе инновации, результаты внедрения передового педагогического опыта.

Фронтальный контроль направлен на всестороннее изучение деятельности педагогического коллектива, методического объединения или отдельного учителя. Вследствие трудоемкости, большого количества проверяющих, этот вид контроля целесообразно, как показывает практика, использовать не более двух-трех раз в учебном году. При фронтальном контроле деятельности отдельного педагога, например, при аттестации, изучаются все направления его работы - учебное, воспитательное, общественно-педагогическое, управленческое. При фронтальном контроле деятельности школы изучаются все аспекты работы данного организации обрзования: всеобуч, организация образовательного процесса, работа с родителями, финансово-хозяйственная деятельность и другое. С учетом того, что контроль осуществляется за деятельностью отдельного педагога, группы педагогов, всего педагогического коллектива выделяются несколько форм контроля: персональный, классно-обобщающий, предметно-обобщающий, тематически-обобщающий, комплексно-обобщающий. Использование разнообразных форм контроля позволяет охватить значительно большее число педагогов и педагогических коллективов, различные направления работы школы, рационально использовать фактор времени, избежать возможных перегрузок руководителей школы и педагогов [1].

